Әдістемелік құрал «Қызықты математика»



Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тәрбиешілері Ерболина Динара Кабдиевна мен Кенесбаева Асел Дүйсеновнаның «Қызықты математика» мектепалды даярлық тобында қолданылатын ойын сабақтары бағдарламасына

ПІКІР

Ұсынылып отырған «Қызықты математика» мектепалды даярлық тобында қолданылатын ойын сабақтары бағдарламасын «Таным» білім беру саласының мақсаты танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, коршаған ортаны тұтастай түсінетін және ақпаратты өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін қолдана білетін мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды оқытудың табыстылығы ұсынып отырған материалдардың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар, балалардың қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктерін арттыру мақсатында, балаларға жеткізу түріне де байланысты болады.

Жұмыстың ғылыми әдістемелік деңгейі: Геометриялық пішіндер — заттардың немесе олардың бөліктерінің пішіндерін анықтауға болатын үлгі-нұсқа. Пішін де көлем сияқты коршаған заттардың маңызды қасиеті болып табылады; ол геометриялық пішіндерді таныту.

Жұмыстың жаңашылдық деңгейі: Ересектер тобындағы тәрбиешінің негізгі міндеті балаларға таныс геометриялық пішіндердің белгілері және ерекшеліктерімен заттарды пішіні бойынша салыстыру үшін үлгі-нұсқа ретінде тереңірек таныстыру болып табылады.

Жұмыстың ғылымилығы Балалардың кеңістікте бағдарлана білуі өте маңызды, себебі бұл түсінікке заттардың көлемін бағалау, олардың пішіні, субъектіге қатысты орналасуы мен өзара орналасуы енеді. Балалар біртіндеп өзінің қабылдау деңгейінде жүзеге асырылатын едәуір арақашықтықта орналасқан кез келген заттардың орналасу бағытын анықтауға үйренеді, яғни бала өзінің қабылдау деңгейінде жүзеге асырылатын кеңістіктегі «тікелей» бағдарланудан кеңістіктік түсінікке сүйенетін жанама бағдарлануға өтеді.

Ішкі бірлікті бағалау және әдіснамалық негізінің сипаттамасы. Белгілі бір логикалық реттілігі, оқу үрдісінің аралық және қорытынды бақылау бойынша білімді игеру мен дағдыларын, талаптарын игеру нәтижелері.

Жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайын, түйіндері мен қорытындыларын негізділігі мен дәйектілігінің деңгейі. Тұлғаға бағытталған және іс-әрекетке бағытталған принципттер.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Оқу іс-әрекетінде бейнелеуді оқыту білім алушылардың тұлғалық әлеуметтік, танымдық, шығармашылық комуникативтік дамуын қамтамасыз етеді.

Жұмыстың аралық және қорытынды қорытынды нәтижелерін ұсыну ісінде авторлық бағдарламада математикалық түсініктермен таныстырып, жеңіл есептерді шешудің жолдарын меңгертуді мақсат ете отырып, балаларға математиканы үйретудің жеңіл жолдары қарастырылған.

Рәсімдеу талаптарына сәйкестігі. Өзімнің педагогикалық шеберлік негізінде құралған құрал. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар. Осы ұсынылған құралда, әдістемелік, сарамандық жұмыста өсіп келе жатқан ұрпақты дарынды, шығармашыл етіп тәрбиелеуге бағыталған.

Авторлық бағдарламада даярлық білім беру жүйесіндегі математика пәнінен оқушылардың математикалық түсінігін қалыптастыру негізінде логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, арттыру, дамыту мәселелері кеңінен қамтылған. Сонымен қатар, балалардың дарыныдылығын анықтау, оқушы қабілетін диагностикалау, оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қалыптастыру, осы бағыттағы ғалым педагогтардың ізденістеріне үлкен мән берілген.

Авторлық бағдарламада оқушылардың қабылдау, жас ерекшелктерін ескеріп, оқу бағдарламаларына сай есеп шығарудың үлгілерін енгізген.

Қорыта келгенде, Динара Кабдиевна мен Асел Дүйсеновнаның «Қызықты математика» мектепалды даярлық тобында қолданылатын ойын сабақтары бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына толықтай сәйкеседі.

Авторлық бағдарлама мектепалды даярлық сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер қауымына арналған.

Пікір әдістемелік құралды баспаға ұсынып, оқу үрдісіне енгізу үшін берілді.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының профессоры,
ҚР педагогикалық ғылымдар академиясының академигі,
Академик С.Қалиев атындағы педагогикалық
инновациялар ғылыми - зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері _____ Мырзаканов М.С

КАДРЛАР БӨЛІМІ

РАСТАЙМЫН Мырзаканов М.С.
КБ БАСТЫҒЫ Акишева
ПОДПИСЬ УДОСТОВЕРЯЮ
НАЧАЛЬНИК ОК

Мектепалды даярлық тобында қолданылатын «Қызықты математика» ойын сабақтары

Құрастырғадар: Ерболина Д.К, Кенесбаева А Д

Түсініктеме хат

«Таным» білім беру саласының мақсаты танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, қоршаған ортаны тұтастай түсінетін және ақпаратты өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін қолдана білетін мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Балаларда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңыздылығы бірқатар себептерге байланысты: ақпараттың молдығы, компьютерге зейіннің жоғарылауы, оқыту процесінің қарқынын жоғарылату; ата-аналардың өз балаларына цифрларды тану, санау, есептер шығаруға үйретуді ерте бастауға ұмтылуы.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды оқытудың табыстылығы ұсынып отырған материалдардың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар, балалардың қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктерін арттыру мақсатында, балаларға жеткізу түріне де байланысты болады.

Сондықтан да біз «Таным» білім беру саласына қатысты қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру бағдарлама тарауына қосымша ретінде «Қызықты математика» ойын сабақтарын құрастыруды жөн санадық. Сағат саны 36 сағатты құрайды.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті енжар баланың белсенділігін арттыратындай болу керек. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрін берілген тапсырмаларға байланысты өзгертіп отырған жөн. Оны өткізудің түрлі нұсқаларын іздестіру қажет.

Тәрбиеші балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыра отырып, көрнекілік, ауызша және практикалық әдіс-тәсілдерді кешенді түрде қолданады. Тәрбиешінің осы жастағы балалардың танымдық сипаттағы тапсырмаларын түсінуге және олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға мүмкіндіктері бар. Қойылған міндеттер балалардың танымдық белсенділігін оятуға мүмкіндік туғызады, сондықтан ересектер тобындағы балалардың ақыл-ой операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау) дамытуға көп көңіл бөлінеді. Балалар аталған операцияларды көрнекіліктерге сүйене отырып орындайды. Көрнекі құралдардың түрлері көбейеді және сипаты біршама өзгереді. Иллюстративті материалдар ретінде ойыншықтар мен заттарды қолдану жалғастырылады. Қазір суреттермен, түрлі-түсті және бейнелі заттармен жұмыс жасау үлкен орын алады, заттардың суреттері сызба түрінде болуы да мүмкін.

Сонымен бірге математикалық байланыстар мен қатынастарды сипаттаудың түрлі тұжырымдарын іздеп табуға үйретеді. Баланың жаңа құралмен әрекет жасауды түсіндіріп бере алуының маңызы бар. Сондықтан тәрбиеші үлестірмелі материалдармен жұмыс істеу барысында балалардан кезекпен «не, қалай, не үшін осылай жасады» деп сұрайды. Әрекеттерді сөздің көмегімен түсіндіру балалардың ұғынуына мүмкіндік береді. Кез келген тапсырмадан кейін сұрақ қойып отыру керек. Балалар не істеп, не қойғандары, нәтижесінде қалай болғаны туралы айтып береді.

5 жастан бастап баланы заттарды тең бөлікке бөлуге, бүтін мен бөлік арасындағы қатынастарды орната білуге үйретеді. Бірақ, бүтінді бөлікке бөлуді қағазды қайшымен қию арқылы емес, бүктеуден бастау керектігін білген жөн. Себебі, бөлікті қию арқылы көрсеткенде, балаларда ол бөлік жеке бір нысан ретінде қабылданады.

Көршілес сандарды салыстыру жұмысын тапсырмаларды түрлендіре отырып, заттардың көлемі және т.б. салыстыруда геометриялық пішіндер топтамасы жаттығуларымен үйлестіреді. Осылайша балаларда сандардың белгілі бірізділігі туралы ұғымдары қалыптасады және оларды көршілес сандардың арасындағы өзара-кері қатынасты түсінуіне алып келеді.

Заттар көлемін дұрыс анықтау және ара қатынасын белгілей білу, заттардың ұзындық көрсеткіштерін ажырату біліктері — мектеп жасына дейінгі балаларды математикалық дамытудың қажетті шарты және іргетасы. Бала заттардың көлемін салыстырудан көп — аз, теңдік — теңсіздік есептік ара қатынастарын түсінуге дейін

жетеді. Заттардың көлемі туралы түсініктерін қалыптастыру және «ұзынырақ — қысқарақ, жоғары — төмен, жалпақ — жіңішке, артық — кем» қатынастарын түсіну балаларға жасырын математикалық байланысты көрсетуге, сан туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Геометриялық пішіндер — заттардың немесе олардың бөліктерінің пішіндерін анықтауға болатын үлгі-нұсқа. Пішін де көлем сияқты қоршаған заттардың маңызды қасиеті болып табылады; ол геометриялық пішіндерде өз бейнесін тапқан.

Ересектер тобындағы тәрбиешінің негізгі міндеті балаларға таныс геометриялық пішіндердің белгілері және ерекшеліктерімен заттарды пішіні бойынша салыстыру үшін үлгі-нұсқа ретінде тереңірек таныстыру болып табылады.

Балалардың кеңістікте бағдарлана білуі өте маңызды, себебі бұл түсінікке заттардың көлемін бағалау, олардың пішіні, субъектіге қатысты орналасуы мен өзара орналасуы енеді. Балалар біртіндеп өзінің қабылдау деңгейінде жүзеге асырылатын едәуір арақашықтықта орналасқан кез келген заттардың орналасу бағытын анықтауға үйренеді, яғни бала өзінің қабылдау деңгейінде жүзеге асырылатын кеңістіктегі «тікелей» бағдарланудан кеңістіктік түсінікке сүйенетін жанама бағдарлануға өтеді.

	Тақырыптар
1	«Көңілді жаз»
2	«Менің көліктерім»
3	««Күздің сыйы»
4	Құстар»
5	«Ерте,ерте, ертеде»
6	«Менің өлкем»
7	«Тату жанұям»
8	«Ақша қарлар»
9	«Мерекені қарсы алайық»
10	«Аңдар»
11	«Телефон»
12	«Балық суда жүзеді»
13	«Күн, ауа және су»
14	«Мен жол саламын.Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын»
15	«Менің көліктерім» .
16	«Ағаштар»
17	«Қыстап қалатын құстар»
18	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат »
19	«Аққала қоңақта»
20	««Үй жануарлары»
21	«Артық, кем, осынша»
22	«Қысқы орманға саяхат»
23	«Артық, кем»
24	«Талдар» .
25	«Ойлайық,шешпей оны қоймайық»
26	Кім жылдам?
27	«Салт дәстүр».
28	Ойнайық та ойлайық»
29	«Ғажайыптар әлеміне»
30	«Тапқыр болсаң, тауып көр»
31	«Логика сыры»
32	«Тез ойла,ойна!»
33	«Кім жылдам?»
34	Пысықтаушы логикалық жаттығулары
35	«Заңдылықтарды бұзбай қатарды жалғастыр»
36	«Көңілді логиктер»

№ 1-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Көңілді жаз».
Мақсаты: балалардың қарапайым математикалық ұғымдар жайлы алған білімдері бойынша, бірқатар ойындар өткізіп, білімдерін жетілдіру, ойлау қабілеттерін дамытып, арттыру, байқампаздыққа, тапқырлық қасиеттерге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: әр ойын түріне қажетті заттық суреттер, сандар құрамы.
Билингвизм: ойын-игра, тапсырма-задание.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1**. Біз өткен сабақтарымызда бір қатар ұғымдармен пішіндер және сандармен танысқан болатынбыз. Енді мен сендердің сол үйренген білімдеріңді тексеріп көрейін. Яғни, мына әдемі қобдишадан келіп, пішіндер алып, қарапайым математикалық ұғымдар туралы білетінімізді ортаға салайық. **А).Топтасу.** Балаларға жәшіктен әртүрлі геометриялық пішіндерді таңдап алу ұсынылады, балалар әуенге қосылып билейді де, әуен тоқтағанда қолдарындағы геометриялық пішін бойынша үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер жасап тұрады. **Б). «Қандай геометриялық пішіндерден құралған?»** Шарты:тақтада көрсетілген заттық суреттердің бейнесі қандай геометриялық пішіндерден құралғандығын атауымыз керек. **2.2. Суреттерді қара да, сана.** Шарты: суреттерді санап қанша болса, жанына сол санды тауып қою. Алма- 1 Қуыршақ- 2 Доп- 3 **Адасқан сандар.** Шарты: 3 топтың да балаларына 5-ке дейінгі сандарды беріп, белгі берілген кезде ретімен тура тұра қалу керек. Келесі сәтте сол сандар кері тұрулары қажет **2.3.** Сергіту сәті. Бір үйде біз нешеуміз?	Балалар орындалатын іске ынта танытады. Балалар іс- қимылды жасайды. Балалар ұсынылған заттық суреттердің дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыштан құралғандығын айтады. Айтылған нұсқама орындала ды. Балалар қолдарына сандарды алып, тура және кері сандық қатарды жасайды.

	Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.4. «Ойлан тап!»** Көжек екеу. Құлағы нешеу? (4) Алматта 1 асық Санатта 2 асық Барлығы неше асық. (3) Көп - көп ойыншық бар бізде. 1қоян, 1 аю, 1 күшік Қанша болды, сен изде?(3) Сиыр екеу, мүйізі нешеу. (4) Ыдыста 2 алма Қолымда 3 алма Қосқанда барлығын Болады неше алма. (5) Аулада бес үйрек, Қорады үш үйрек, Бір үйрек тығылды, Бір үйрек жығылды, Қалғаны нешеу? (6)	Балалар мәтінге сай іс-қимылды жасайды. Балалар ойланып, жұмбақ есептің жауабын табады.
Рефлексивті – корригиялық	**3. Қ/ойын «Өз үйінді тап».** Шарты: тәрбиеші кез келген баланы ортаға шақырып, «алдыға, оң жақ, қайта алдыға, сол жаққа, артқа қарай»деп айту арқылы, «өз үйін» табуды ұсынады.	Балалар ойынға қызыға араласады.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалардың қарапайым математикалық ұғымдар жайлы білімдері болуы керек.
Қалыптасқан әдет:балалар 1-ден 5-ке дейінгі сандық қатарды біледі, тура және кері санай біледі.
Істей біледі: балалар берілген тапсырманы нұсқамаға сай орындай біледі

№ 2- ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Менің көліктерім» .
Мақсаты: балалардың көлік атаулары, мамандықтар бойынша алған білімдерін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тапқырлық қасиеттерге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: көлік-транспорт.

Әрекет кезеңдері	**Педагогтың іс-әрекеті**	**Баланың іс-әрекеті**

Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. Жұмбақ жасыру.** Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды. /автобус/. Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар. /трамвай/. Жүргізеді әкем де, Жүргізеді анам да, Ал мен келіп отырсам, Қозғалмайды орнынан /машина/. **2.2. Демонстрациялық материалмен жұмыс.** Суреттерді қарап, машиналардың қандай көлік түріне жататынын айту және ортақ белгілері бойынша жалпылау. **2.3. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** **«Екі бірдей ұшақты тап».** **Оларды боя.** **2.4.** Сергіту сәті. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.5. Ойын-жаттығу.** Шарты: Кім қандай көлікпен жүреді? Оларды сызықпен жалғастыр. Мамандықты атай отырып, соған сай көлік түрімен сызық арқылы жалғастыру.	Балалар жұмбақты мұқият тыңдайды да жауаптарын айтады. Балалар орындалатын іске ынта танытып, нұсқама бойынша жұмыс жасайды. Балалар карточкадан екі бірдей ұшақты тауып, ұқыптап бояйды. Балалар мәтінге сай іс-қимылды жасайды. Балалар айтылған нұсқама орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3. Қ/ойын «Автотұрақтар».** Шарты: тәрбиеші бетінде нақты бір санға байланысты нүктелері бар	Балалар ойынға қызыға араласады.

	рульді балаларға үлестіреді, әрбір автотұрақта сандар бар. Балалар нүкте санын санай отырып, өз автотұрақтарын табады.	

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалардың көлік атаулары, мамандық атаулары бойынша білімдері болуы керек.
Қалыптасқан әдет: балалар көліктер туралы білетіндерін ортаға салып, бір-бірімен бөліседі.
Істей біледі: балалар берілген тапсырманы нұсқамаға сай орындай біледі

№ 3 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Күздің сыйы»
Мақсаты: Артық, кем, осынша сөздерін пайдалана отырып заттарды салыстыру, сандар туралы білімдерін бекіту. Логикалық тапсырмаларды орындай білуге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: ойыншықтар, үлестірмелі карточкалар.
Билингвизм: сан- цифра, салыстыру- сравнивать.

Әрекет кезеңдері	**Педагогтың іс-әрекеті**	**Баланың іс-әрекеті**
Мотивациялық - қозғаушы	**1.1.Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт** Қайырлы таң аспан, Қайырлы таң күн! Қайырлы таң бәріне, Қайырлы таң біздерге.	Балалар шеңберге тұрып мәтінге сәйкес іс - қимылдарды жасайды.
Іздену-ұйымдастырушылық	**2.1** Балалар біз бүгін көптеген тапсырмаларды орындап көрейік **2.2.** 1-тапсырма: Балалар қазір біз тапсырмаларды орындап көрейік. -Балалар артық, кем, осынша сөздерін пайдалана тапсырманы орындап көрейік. 1-2 балаға сұрақ қою арқылы жауаптары тыңдалады. 2-тапсырма: Ортаңғы тор көзіндегі дөңгелектерге қарағанда үшбұрыштарды кем саламыз, ал шаршыларды артық салып шығуымыз керек. 3-тапсырма: **«Айырмашылығын тап»** Тең, артық, кем белгілерінің көмегімен заттардың санын салыстырып шығамыз. Арнайы берілген тапсырманы орындауымыз керек. **2.3 Сергіту сәті:** Екі қолды жоғары, Сәл көтерсек болғаны. Енді оны бөгелмей, Түсірейік төменге.	Балалар тәрбиешіні мұқият, зейін қойып тыңдайды. -Балалардың берілген тапсырманы орындаулары. -Қолыма қарындашты алып фигураларды бояп шығамын. -Қолдарына түсті қарындашты алып фигураларды салып шығады. -Балалардың түсті қарындашпен пішіндерді бояп шығарулары. - Балалар суреттерді санап, салыстырып жапырақтардың айырмашылықтарын белгілерін тауып айтып шығады. Балалардың іс-әрекетін-қимылын келтірулері.

	Оңға, солға қарайық, Құстай қанат қағайық. 4-тапсырма: Ажырағышқа қосылған құралды нүктемен белгілеп шығамыз. 5-тапсырма: «Бау-бақша» -Суреттерді бірдей етіп салып шығамыз. - үзік сызықтар арқылы тор көздерін толтырып, тапсырмаларлды орындап шығамыз. 6-тапсырма **Ойын: «Мұқият бол»** Экранға назар аударайық. Мұқият қарап алыңдар. Геометриялық пішіндердің ішінен менің айтуым бойынша жасырынған пішінді табасыңдар -Түсіне қарай қызыл емес, пішіні сопақшаға, дөңгелекке де ұқсамайды, бұл қандай геометриялық пішін? - Пішініне қарай тік төртбұрыш, шаршы емес, түсіне қарай көк пен жасыл түсті емес, көлеміне қарай кішкентай емес, бір сызықпен тұйықталған пішін?	- Ол үшін қолды үзбей сызық бойымен жүріп отырамыз. -Бірінші тор көзіне қызыл жолақша, екінші тор көзіне жасыл жолақша, үшінші тор көзіне сары жолақша, төртініші тор көзіне көк жолақшаларды салып, бояп шығамыз. -Ол көк түсті тік төртбұрыш. -Ол үлкен қызыл дөңгелек.
Рефлексивті – корригиялық	**2.5 Дидактикалық ойын : «Сан құрамын тап** **Шарты:** Балаларға сан құрамына арнайы карточкалар таратылады.	 Осындай карточкаларды сан құрамына қарай толтырады.

Болжамды нәтиже:

Білу керек: тапсырмаларды дұрыс орындай білу керек, артық, кем, осыншама деген сөздерді пайдалана білулері керек.

Қалыптасқан әдет: балаларда логикалық ойлау дағдылары қалыптасқан.

Істей біледі: балалар берілген тапсырмаларды орындап,берілген сұраққа толық жауап бере алады.

№ 4-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: Құстар
Мақсаты: балаларға санау, сан таңбасы, геометриялық пішіндер жайлы алған білімдерін тиянақтау, ойлау қабулеттерін дамыту, сөздік қорларын, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту, Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу
Құрал-жабдық: ТҚЖ, слайдтар, заттық суреттер, сандар, қоржын, қорап, қиық суреттер, т.б

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті

Мотивациялық- қозғаушы	1.1.**Психологиялық сәт:** Армысың арайлы аспан! Армысың шуақты күн! Армысыңдар достарым! Армысыздар қонақтар! Балалар бүгін біз сендермен құстар жайлы әңгімелесеміз. Құстар тіршілік ету жағдайларына қарай нешеге бөлінеді?	Балалардың іс-әрекетін қимылын,өз еріктерімен келтірулері. Балалар тәрбиешіге назар аударады. Шеңберде тұрады. Балалар тиісті жауапты қайтарады
Іздену-ұйымдастыру шы-лық	**2.1. Үлестірмелі материалмен жұмыс** Балалар, мына карточкада бейнеленген құстардың ішінен жыл құстарын қалдырып, қыстап қалатын құстарды текшемен жауып шығайық. /қойып болған соң сұрау/ Енді қалған құстарды атап берейік. -Ал бұл құстарды бір сөзбен қандай құстар дейміз? Неліктен жыл құстары деп айтылады. -Жабайы үйрек пен тырнаның қандай ұқсастықтары бар? Олардың тұмсықтарында қандай айырмашылықтар бар? **2.2.**. ***Ауызша есептер:*** 1.Алдында екі балапан, Артында екі балапан, Ақтауық пен балапан, Айтшы санын балақан? 2 Көлден ұшты төрт қаз, Қайтып қонды екі қаз. Қонбады оның нешеуі, Кәне, кім тез шешеді? 3.Аулада-үш үйрек Қорада екі үйрек, Су іздеп балпаңдап, Жөңелді бір үйрек Қора мен аулада неше үйрек? **Ойын: «Сиқырлы қоржын»** Балалар, қараңдар мына жерде бір қоржын бар екен. Қоржынның екі қалтасында да тапсырмалар бар. -Айгерім, кел дорбаның ішінен бір асықты алып асықта, қай сан таңбасы бар екен айта ғой. 4 сан таңбасына дейін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тура сана. -Нұрали, сен де бір асықты ал, асықта көрсетілген сан таңбасының көршілерін айтып бер. (осылайша жиыны 4 бала)	Жыл құстары дейміз. -Себебі олар тоңғақ, жылыны жақсы көреді. Екеуінің де тұмсықтары ұзын. -Үйректің тұмсығы жуан, тырнаның тұмсығы жіңішке 5 балапан, 1 тауық. 2 қаз қонбады. 4 үйрек. Асықта 4 санының таңбасы бар. Санауды жалғастырады. 1,2,3,4.

	4 санының сандық құрамын айтайық ***2.3.Саусақ жаттығуы:*** Орманда қараңғы, Бәрі-бәрі ұйқыда. Үкі ғана ұйықтамайды, Маңғазданып отыр қатты. Әрі-бері отырды да Қараңғыға қанат қақты. **2.4. Тапсырма-2: /үстел маңына барады** Қоржының қалтасынан шыққан крточкалардың сол жағында қанша тиін болса, оң жақ бөлігін сонша тиінмен теңестіріндер. Ерсайын, сенің карточканда қанша тиіннің суреті болды? Қанша тиін мен теңестірдің? Айымжан, сенде қанша тиінің суреті болды? Алдияр сенің карточкаңдағы тиіндердің барлық саны қанша? */тәрелкелерге тиіндерді артықтан салу/* **2.5. Логикалық тапсырма /*кілемге қарай өту/*** Экранға назар аударайық. Мұқият қарап алыңдар. Геометриялық пішіндерден құралған ұяшықтардан менің айтуым бойынша жасырынған пішінді табасыңдар. • Түсіне қарай қызыл емес, пішіні сопақшаға, дөңгелекке де ұқсамайды, бұл қандай геометриялық пішін? */ол көк түсті тік төртбұрыш/* ➢ пішініне қарай тік төртбұрыш, шаршы емес, түсіне қарай көк пен жасыл түсті емес, көлеміне қарай кішкентай емес, бір сызықпен тұйықталған пішін? /үлкен қызы дөңгелек/	Балалар қимылдар жасау арқылы денелерін сергітеді. 3 тиін болды. 3 тиін мен теңестірдім. 2 тиіннің суреті болды 2 тиінмен теңестірдім */1,4,5 сандарына/* Тиіннің саны төртеу. Балалар әрекетке кіріседі.
Рефлексивті – корригиялық	**3.** Кілем үстінде жұмыстарын тамашалау	Қуану, таңқалу

Болжамды нәтиже:
Білу керек: балалар дбыстарды ажырата білумен, санауды, теңестіруді білуі керек
Қалыптасқан әдет: әдемілікті сезіне біледі.
Істей біледі: дыбыс, буын, сөйлем, санау, сан таңбасы, геометриялық пішіндер жайлы алған білімдерін қолдана алады.

№ 5-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ерте, ерте ертеде»
Мақсаты: балаларды логикадан алған білімдерін қайталап пысықтау, ертегі кейіркерлерін ретімен айтуды машықтау, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу

Құрал-жабдық: суреттер
Билингвизм: қайталау – повтарение**,** сан-цифр.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	**Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт** Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1** –Балалар, бүгін біз сендермен ертегілер еліне барамыз. Ереті әлеміне кілеммен барайық., бос отырмай еретгі кейіпкерлерін ретімен айтайық **2.2. «Атап айт»** Балалар сиқырлы таяқшаны бере отырып, ертегі кейіпкерлерін ретімен айтады. **2.3. Д/ойын** «Керісінше ата» Шарты: тәрбиеші кез келген сөз тіркесін айтады балалар керісінше айту керек. **2.4. Сергіту сәті.** Кел, балалар, келіңдер, Тамашаны көріңдер. Бізде қызық ойын бар, Барлығың ден қойыңдар. **2.5.** Д/ойын «Күн мен жаңбыр» Шарты: тәрбиеші күн дегенде балалар асыр салып ойнайды, жаңбыр дегенде бұрыштарға тығылады. 2.6. «Үйшік құрастыр» Арнайы пішіндер көмегімен ертегі кейіпкерлеріне үйшік құрастырады. ***2.7.Сыйқырлы көпір құрайық <u>слайд</u>*** Осы карточкаларды суреттердің ұқсас белгілерімен айырмашылықтары және қасиеттерін байланыстыра отырып, ұзын көпір жасайық Мысалы: коңыз ұшады. – Ал мына жерде жатқан заттардың ішінен тағы не ұшады? -Дұрыс маса да ұшады -масының құйырығы қандай ? – Ал мына суреттегі заттардың	Балалар назары тәрбиешіде болады Балалар жауап береді Жақсы- жаман, алыс-жақын... Балалар тәрбиеші нұсқауы бойынша орындайды Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды Маса ұшады /айтқан бала масаның суретін апарып,қоңыздың төменгі жағына тіркейді/ -Үшкір -Қайшының ұшы үшкір /айтқан бала қайшының суретін апарып, масаның төменгі жағына тіркейді/ -Матаны қиямыз /айтқан бала матаның суретін апарып,

	ішінде тағы не үшкір -Қайшымен нені қиямыз – матаны-матадан не тігеміз – көйлек – шалбар да киім т.б (осылайша жалғасады.)	қайшының төменгі жағына тіркейді
Рефлексивті – корригиялық	**3.Қорытынды.** -Мен не үйрендім? -Не білдім?	Балалар өздерінің нені үйреніп, нені білгендерін айтады.

Болжамды нәтиже:

Білуі керек: балалардың өткен тақырыптар туралы білімдері болу керек.

Қалыптасқан әдет: балалардың жалпы білімдері жетілген.

Істей біледі: балалар өткенді естеріне түсіріп солар туралы айта білді.

№ 6-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Менің өлкем»
Мақсаты: балаларға туған өлкелері туралы, заттардың айырмашылықтарын табуға, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, заттарды ажыратуға үйрету \киімдер мен аяқ киімдерді\.
Құрал-жабдық: қарындаштар, жеке карточкалар.
Билингвизм: Отан родина

Әрекет кезеңдері	**Педагогтың іс-әрекеті**	**Баланың іс-әрекеті**
Мотивациялық - қозғаушы	**1** Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт «Амандасу» Сәлем саған- Алтын күн Сәлем саған -Көк аспан Сәлем саған, сәлем маған.	Балалар шеңберге тұрып табиғатпен және достарымен амандасуды іс қимыл арқылы көрсетіп айтады.
Іздену - ұйымдастырушылық	**2.1** Суретпен жұмыс Балалар суретке қарап қай жануар артық екенін табуларың керек. Ал қалған жануарларды бір сөзбен қалай айтуға болады? **2.2** Үлестірмелі материалмен жұмыс Сендерде қарасаңдар карточкаларыңда әртүрлі және әртүстегі заттар. Осы заттарды топтап алып бір түспен бояп шығыңдар. **2.3.** Сергіту сәті: Жел соғады бетіме, Ағаштарды желпуде . Жел тына қалған кезде, Ағаштар биік-биік көрінеді. **2.4.** Ойын жаттығу	 Балалар қарап ажыартып айтады Балалар жауаптары Балалар тапсырманы орындайды Балалар қимыл қозғалыста болады

	Шарты: сендерде карточкада киімдер мен аяқ киімдер. Айсұлуға осы киімдерді шкафқа жинауға, аяқ киімді сөреге жинауға көмектесіңдер. **2.5.** Жаттығу Балалар, карточкаларда суреттер. Мұқият қарап бос карточкаға суреттерді орналастырып шығыңдар. **2.6.** Дидактикалық ойын: «Кім, не?» Шарты: тәрбиеші жұмбақ жасырады олар кім немесе не екенін табулары керек. Кішкентай, сары, балпылдақ? Қу, айлакер, тоқсары түсі бар? **2.7.**Ерсайын сыр сандықтан қай санның таңбасы түсіп қалды? Балалар 7 санына қатысты қандай ұғымдарды білеміз? -Ерсайын жеті атаны атап берші? -Балалар, Апта деген атайдың жеті ұлы бар екен атап айтып көрейік? -Бүгін аптаның қай күні? -Амир, жеті қазынаны ретімен санай отырып атап айтшы?	Балалар сызықпен жүргізіп бояйды Балалар суреттерді орналастырады. Балапан Түлкі Жеті ата, жеті күн, жеті қазына, жеті қабат жер, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті жетекші. -Бала,Әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата. -Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. -Бүгін жұма. -Ер жігіт, Сұлу әйел, кітап, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, ит.
Рефлексивті - корригиялық	**2** Жүректен жүрекке Біздің топта ұл қыздар, Тату тәтті ойнаймыз Айналаға бар адамға, Тек мейірім сыйлаймыз!	Балалар тәрбиешімен өлең жолдарын айтады

Болжамды нәтиже:

Білуі керек: балалар отандары туралы білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балалар берілген тапсырманы орындай біледі.
Істей біледі: балалар ойындарды ойнауды біледі

№ 7-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Тату жанұям».
Мақсаты: балалардыңкөп заттың ішінен артық затты анықтай білуін, заттар жиынтығын бір сөзбен атауды, заттарды өзара белгісіне қарай ажырата білулерін бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: карточкалар мен түрлі-түсті қағаздар.
Билингвизм: отбасы-семья.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті

Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Кел, балалар, күлейік, Күліп өмір сүрейік. Күлкімізді күн қылып, Гүл өссін деп тілейік.	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. Демонстрациялық материалмен жұмыс.** Суретке қарастыру. Отбасы мүшелерін атау. **2.2. Үлестірмелі материалмен жұмыс.** -Балалар, мына карточкаларда әртүрлі заттар бейнеленген. Осы суреттердің арасынан әкеміз бен аналарымызға қажетті заттарды анықтап, әкеге қатысты заттарды көк түсті қарындашпен, анамызға қатысты заттарды қызыл түсті қарындашпен қоршап қойыңдар. **2.3. Ойын жаттығуы.** -Карточкадағы суреттерді анықтап қараңдар.Тор көздерге заттың жетпей қалған бөлігін толықтырып салыңдар. **2.3. Сергіту сәті.** Балабақша бағына Күнде ерте мен келемін. Достарымды көремін, Амандасып жүремін. 1,2,3,4,5, Жазуға енді кіріс. **2.4. Ойын жаттығу. «Көйлекті боя».** -Балалар, сендердің алдарыңда қыздардың суреттері бар. Ажардың көйлегі- сары. Сәуле Ажардың оң жағында тұр, оның көйлегінің түсі- қызыл. Роза Сәуленің оң жағында тұр, оның көйлегінің түсі- көк. Оң қолдарыңа қажетті қарындашты алып, нұсқау бойынша бояп шығыңдар.	Балалар суретке анықтап қарап, отбасы мүшелерін атауын айтады. Балалар тапсырманы қызыға орындайды. Балалар суретте берілген заттардың жетпей қалған бөлігін толықтырып салады. Балалар іс- қимылды жасайды. Балалар үстел басында суретпен жұмыс жасайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3. «Нені жасырдым тап?!».** Мысалы: -Үлкен, дөңгелек, тәтті, түсі ала. –Ұзын, жасыл, жегенде қытырлайды. -Қорқақ, сұр, құлағы ұзын. -Хош иісті, тәтті, дәмді, түсі-қызыл, сары, жасыл.	Балалар ойынға белсене қатысады. -қауын. -қияр. -қоян. -алма.

Болжамды нәтиже:

Білуі керек: балалар отбасы мүшелерінің атауын атай білуі керек.

Қалыптасқан әдет: балалар заттар жиынтығын бір сөзбен атай біледі, заттарды өзара белгісіне қарай ажырата біледі.

Істей біледі: балалар ойынға қызыға араласады, ойын шартын сақтап ойнайды.

№ 8 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ақша қарлар» .
Мақсаты: балалардың заттың белгісіне қатысты сөздерді таңдай білуін, ортақ белгілерін таба білуін, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білуін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тапқырлық қасиеттерге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: ақша қарлар-снежки.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. Логикалық тапсырмалар:** -Адамда-қол, мысықта.... -Балық суда, құс.... -Күз-жаңбыр, қыс... -Күндіз-күн, түнде.... -Тігінші-ине, аспазшы... -Адам жүреді, балық.... **2.2. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** Карточкаларда әртүрлі киімдер салынған.Осы киімдердің ортақ белгілерін табыңдар. Бірдей бас киім мен қолғаптарды сызықпен қосыңдар. **2.3. Ойын-жаттығу.** Карточкаларда әртүрлі бағытта сызылған сызықтар бар. Мұқият қарап, оң жаққа бұрылған сызықты қызыл қарындашпен, сол жақты –көк, жоғарыны сары, төменгіні жасыл түсті қарындашпен бояңдар. **2.4.** Сергіту сәті. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.5. Ойын-жаттығу.** Карточкаларда түрлі пішіндер	Балалар тапсырма шартын тыңдайды да жауаптарын айтады. -аяқтар. -аспанда. -қар. -ай. -тағам. -жүзеді. Балалар орындалатын іске ынта танытып, нұсқама бойынша жұмыс жасайды. Балалар карточкаға байланысты тапсырманы орындайды. Балалар мәтінге сай іс-қимылды жасайды.

	берілген. Тапсырманың тәртібін сақтай отырып, жарты шеңберді-түзу сызықпен/жоғарыдан төменге қарай/,үшбұрышты-қисық сызықпен, шеңберді солдан оңға қара сызықтармен штрихтеп жүргізіңдер.	Балалар айтылған нұсқама орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3. Сөздік ойын «Сөйлемді аяқта».** Күзден кейін қыс келеді. Қыстан кейін.... Көктемнен кейін.... Жаздан кейін....	Балалар ойынға қызыға араласады. -көктем келеді. -жаз келеді. -күз келеді.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар заттың белгісіне қатысты сөздерді таңдай білулері, ортақ белгілерін таба білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балалар қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай біледі, өз білетіндерін ортаға салып, бір-бірімен бөліседі.
Істей біледі: балалар берілген тапсырманы нұсқамаға сай орындай біледі

№ 9-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Мерекені қарсы алайық» .
Мақсаты: балалардың заттың белгісіне қатысты сөздерді таңдай білуін, ортақ белгілерін таба білуін, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білуін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тапқырлық қасиеттерге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: пәшін-фигура, мереке-праздник.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	**Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт** Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. Логикалық тапсырмалар:** -Адамда-қол, мысықта.... -Балық суда, құс.... -Күз-жаңбыр, қыс... -Күндіз-күн, түнде.... -Тігінші-ине, аспазшы... -Адам жүреді, балық.... **2.2. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** Карточкаларда әртүрлі киімдер салынған. Осы киімдердің ортақ белгілерін табыңдар. Бірдей бас киім мен қолғаптарды сызықпен қосыңдар. **2.3. Ойын-жаттығу.** **Логикалық тапсырма /*кілемге қарай өту/***	Балалар тапсырма шартын тыңдайды да жауаптарын айтады. -аяқтар. -аспанда. -қар. -ай. -тағам. -жүзеді. Балалар орындалатын іске ынта танытып, нұсқама бойынша жұмыс жасайды.

	Экранға назар аударайық. Мұқият қарап алыңдар. Геометриялық пішіндердің ішінен менің айтуым бойынша жасырынған пішінді табасыңдар. • Түсіне қарай қызыл емес, пішіні сопақшаға, дөңгелекке де ұқсамайды, бұл қандай геометриялық пішін? */ол көк түсті тік төртбұрыш/* ➢ пішініне қарай тік төртбұрыш, шаршы емес, түсіне қарай көк пен жасыл түсті емес, көлеміне қарай кішкентай емес, бір сызықпен тұйықталған пішін? /үлкен қызыл дөңгелек/ Карточкаларда әртүрлі бағытта сызылған сызықтар бар. Мұқият қарап, оң жаққа бұрылған сызықты қызыл қарындашпен, сол жақты –көк, жоғарыны сары, төменгіні жасыл түсті қарындашпен бояңдар. **2.4. Сергіту сәті.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.5. Ойын-жаттығу.** Карточкаларда түрлі пішіндер берілген. Тапсырманың тәртібін сақтай отырып, жарты шеңберді-түзу сызықпен/жоғарыдан төменге қарай/,үшбұрышты-қисық сызықпен, шеңберді солдан оңға қара сызықтармен штрихтеп жүргізіңдер.	Балалар карточкаға байланысты тапсырманы орындайды. Балалар мәтінге сай іс-қимылды жасайды. Балалар айтылған нұсқама орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3. Сөздік ойын «Сөйлемді аяқта».** Күзден кейін қыс келеді. Қыстан кейін.... Көктемнен кейін.... Жаздан кейін....	Балалар ойынға қызыға араласады. -көктем келеді. -жаз келеді. -күз келеді.

Болжамды нәтиже:

Білуі керек: балалар заттың белгісіне қатысты сөздерді таңдай білулері, ортақ белгілерін таба білулері керек.

Қалыптасқан әдет: балалар қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай біледі, өз білетіндерін ортаға салып, бір-бірімен бөліседі.

Істей біледі: балалар берілген тапсырманы нұсқамаға сай орындай біледі

№ 10-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Аңдар» /текше, цилиндр, конус/

Мақсаты: балалардың заттың пішіні, көлемі және биіктігі мен ені, ұзындығы, жуандығы жайлы алған білімін жетілдіре отырып, заттарды осы аталған қасиеттеріне қарай ажырата білулерін, есте сақтау қасиеттерін дамыту, топ болып жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: жолақшалар, үлестірмелі геометриялық пішіндер, доп.

Билингвизм: пішін-форма, биіктігі-высота, ұзындығы- длина.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	**Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт «Сәлем!».** Сәлем берді алтын күн, Сәлем бердік біздер де. Бақыттымыз біз бүгін, Шуақ шаштық сіздерге.	Балалар шеңберге тұрады. Қолдарын алдыға созып, нұсқауға сәйкес іс-қимылдарды жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	2.1.- Балалар, бүгін біз сендермен өзіміз білетін түстер мен пішіндерді есімізге түсіріп көрейікші. - Менің қолымда не бар? -Қане, олардың атауларын атап жіберейікші. -Дөңгелектің басқа пішіндерден қандай айырмашылығы бар? -Шаршының қанша бұрышы бар? -Үшбұрыштың қанша бұрышы бар?- Ал енді қолымда не көріп тұрсыңдар? -Жолақшалардың түстері бірдей ме? -Олай болса , жолақшалардың түстерін атап жіберейікші. -Ал енді мен оларды фланелеграфқа қоямын, олардың ұзындықтары бірдей ме? -Олардың ұзындықтарын қалай анықтауға болады? -Дұрыс айтасыңдар, қане онда беттестірейік. -Балалар, қай жолақша ұзын? -Ал, жасыл жолақша қызыл жолақшаға қарағанда қандай? -Сары жолақша ше? -Өте жақсы, балалар, міне біз ұзындық жайлы есімізге түсіріп алдық. -Ал енді осы пішіндердің көлемі туралы әңгімелесейік. Оған мына геометриялық денелер жатқызайық. Көлем дегеніміз-заттың сыртқы бейнесі, оны басқа заттармен салыстыруға болады, қолымызғы ұстасақ білінеді. Мысалы: шар-доп, текше-кірпіш, конус- клоунның бас киімі. 2.2.Үлестірмелі материалдармен	Балалар тәрбиешіге назар аударады. -Геометриялық пішіндер бар. - Дөңгелек, шаршы,үшбұрыш, тіктөртбұрыш. Дөңгелектің бұрыштары жоқ. -Шаршының төрт бұрышы бар. -Үшбұрыштың үш бұрышы бар. - Жолақшаларды көріп отырмыз. - Жолақшалардың түстері әртүрлі. -Қызыл, жасыл, сары. -Ұзындықтары бірдей емес. -Жолақшаларды бірінің үстіне бірін беттестіріп қоямыз. -Қызыл жолақша ұзын. -Жасыл жолақша қызыл жолақшаға қарағанда қысқа. -Сары жолақша қысқарақ. Балалар тәрбиешінің айтқаныны мұқият тыңдап, көлемі ұқсас заттарды айтады.

	жұмыс. -Ал енді балалар, барлықтарың үстелдің қасына келіңдер/әр балаға бес көлемдегі геометриялық пішіндер таратып беру/. -Балалар, алдарыңдағы геометриялық пішіндерді санап, үлкенінен-кішісіне қарай орналастырып шығамыз. -Айымжан, сенің қолыңдағы пішіннің саны неше? -Айару, сенің қолыңда қандай геометриялық пішіндерді бар? 2.3. Сергіту сәті: «Биік үйлер». Біз тұратын көшеде, Биік-биік үйлер бар. Араласаң жалықпай, Ұзын-ұзын көше бар. 2.4. «Қарама-қарсы айт». Шарты:тәрбиеші балаларға доп беру арқылы, белгілі бір сөздерді айтады, ал балалар сол сөзге қатысты қарама-қарсы сөзді айтады. Мысалы: биік-аласа, ұзын-қысқа, үлкен-кіші, жіңішке-жалпақ. 2.5. «Көлемін анықта» Балаларға геометриялық денелерден құрастырылған аңдардың суреттері беріледі қай аңның суреті қандай денеден құрастырылғаның айтады	-Балалар алдарындағы геометриялық пішіндерді санайды, үлкенінен-кішісіне қарай орналастырады. -Менің қолымдағы пішіннің саны бесеу. -Менің қолымда шаршы пішіні бар. Балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасайды. Допты алған бала, тәрбиешінің айтқан сөзіне қарама-қарсы сөзді тауып айтады. Мысалы: биік-аласа, жіңішке-жалпақ, үлкен-кіші, ұзын-қысқа. Түлкі-конустан құралған. Аю-целиндрдан құралған.
Рефлексивті – корригиялық	3. Д/ойын «Қарама-қарсы айт».	

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар түстер мен пішіндердің атауларын білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балаларда түс пен пішін жайлы ұғым қалыптасқан, 1-ден 5 санына дейін тура және кері санай біледі.
Істей біледі: балалар үлкен-кіші, ұзын-қысқа заттарды салыстыру арқылы таба білед

№11-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Телефон».
Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырата білуді, қажетті пішіндерді таба білуді бекіту, зейінмен логикалық ойлауды дамыту.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: пішін-фигура.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүрейік.	Балалар шеңберге тұрады. Қолдарынан ұстасады, алдыға созып, нұсқауға сәйкес іс-қимылдарды жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. –** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Фланелеграфқа қолдарында	Балалар бір-бірден ортаға

	телефондары бар ертегі кейіпкерлерінің суреті ілінеді. -Кімнің қайда және кімге телефон шалып жатқанын табыңдар **2.2. Ойын жаттығулары.** Карточка бейнеленген геометриялық пішіндер беріледі. Пішіндердің атауын табу, шеңберді-қызылмен, үшбұрышты-сарымен, шаршыны-жасылмен бояу керек. **2.3. Ойын жаттығулары.** Карточкада әртүрлі суреті бар орамалдар берілген. Анықтап, зейін сала қарап, әр орамалға келетін жамауды табыңдар. **2.4. Сергіту сәті:** Жаза-жаза саусағым, Әлсіредің, шаршадың, Жұм-аш, жұм-аш, Енді біраз билеп ал, Бойды жазып жүріп ал, Қарындашты ал қолға, Жазуыңды аяқта. **2.5. Ойын жаттығулары.** Торкөзді карточкаларда геометриялық пішіндерден салынған үйлер бар. Анықтап қарап, жетпей қалған бөлшегін пішіннен құрап салыңдар.	шығып, кез-келген кейіпкерді таңдап, сол кейіпкердің кімге телефон шалып жатқанын қолымен жүргізу арқылы табады. Балалар карточкалардағы тапсырмаларды орындайды. Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. Балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасап, саусақтарын дем алдырады. Балалар тәрбиешінің айтқан тапсырмасын орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3.** «Керісінше айт». Алыс-... Биік-.... Көп-....	Балалар ойынға қызыға араласады.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар геометриялық пішіндердің атауын білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балалар антоним сөздерді біледі.
Істей біледі: балалар қажетті пішіндерді табады, бояй алады.

№ 12-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Балық суда жүзеді».
Мақсаты: заттарды тұрған орыны бойынша есте сақтап қоя білуді, бірдей балықтарды таба білуді бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: балықтар-рыбки.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті

Мотивациялық - қозғаушы	**1.1.Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт** Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүрейік.	Балалар шеңберге тұрады. Қолдарынан ұстасады, алдыға созып, нұсқауға сәйкес іс-қимылдарды жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. –** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Таяқшалармен жұмыс. Фланелеграфқа таяқшалардан құралған түрлі заттардың бейнесі бар карточкалар ілінеді. -Суретке қарап, есте сақтау бойынша үстел үстіндегі таяқшалардан /балық, теледидар, үй, кеме/ құрастырып жасаңдар. **2.2.** Үлестірмелі материалдармен жұмыс. -Карточкаларда аквариум ішінде жүзген балықтардың суреті бар. -Анықтап қарап, бірдей балықтарды табыңдар және бірдей түсті қарындашпен бояңдар. **2.3. Штрихпен жұмыс.** Карточкада --саңырауқұлақ, балық, құмыраның суреті берілген. -Саңырауқұлақты- оңнан солға қарай, балықты жоғарыдан төменге, құмыраны оң жақтан сол жаққа қарай қиғаш түрде штрихтеу керек. **2.4. Сергіту сәті:** Жаза-жаза саусағым, Әлсіредің, шаршадың, Жұм-аш, жұм-аш, Енді біраз билеп ал, Бойды жазып жүріп ал, Қарындашты ал қолға, Жазуыңды аяқта. **2.5. Ойын жаттығулары.** Карточканың жоғарғы бөлігінде ақжелкеннің суреті бар, ол балықтың сол жағында, доптың оң жағында тұр. Сендерге берілетін тапсырма, карточканың төменгі бөлігіне допты балықтың сол жағына, ақжелкеннің оң жағына салыңдар.	Балалар тапсырманы орындайды. Балалар карточкалардағы тапсырмаларды орындайды. Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. Балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасап, саусақтарын дем алдырады. Балалар тәрбиешінің айтқан тапсырмасын орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3.** «Керісінше айт». Алыс-... Биік-.... Көп-....	Балалар ойынға қызыға араласады.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар балықтың сыртқы бейнесі туралы керек.
Қалыптасқан әдет: балалар қағаз бетін бағдарлауды біледі.
Істей біледі: балалар пішіндерді дұрыс штрихтей біледі.

№13-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Күн, ауа және су».
Мақсаты: кеңістікті бағадарлай білуді бекіту, қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: күн-солнце, ауа-воздух, су-вода.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүрейік.	Балалар шеңберге тұрады. Қолдарынан ұстасады, алдыға созып, нұсқауға сәйкес іс-қимылдарды жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1.** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суретте көзі жұмылған қыз бен тығылған ойыншықтардың суреттері бар. -Сәуленің ойыншықтары: көжек, қонжық, піл, арсытан, көбелек, пен тышқан қайда тығылғын? **2.2. Ойын жаттығулары.** Карточкада әртүрлі заттар орналасқан. -Жұптас заттарды бір түсті қарындашпен бояңдар. **2.3. Ойын жаттығулары.** Карточкада пілдің суреті салынған. - Суреттегі пілді соңына дейін аяқтап салыңдар. **2.4. Сергіту сәті: «Жаттығайық»** Орынымыздан тұрайық, Жаттығуды жасайық. Оңға бір, солға бір, Денемізді бұрайық. Отырайық, тұрайық, Сергіп-сергіп алайық. **2.5. Ойын жаттығулары.** Карточкада тығылған жануарлардың суреттері бар. -Сол жануарларды тауып, бояңдар. **2.6. Ойын: «Мұқият бол»** Экранға назар аударайық. Мұқият қарап алыңдар. Геометриялық пішіндердің ішінен менің айтуым бойынша жасырынған пішінді табасыңдар ***слайд 7/*** -Түсіне қарай қызыл емес, пішіні сопақшаға, дөңгелекке де ұқсамайды, бұл қандай геометриялық пішін?	Балалар тапсырманы орындайды. Балалар карточкалардағы тапсырмаларды орындайды. Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. Балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасап, саусақтарын дем алдырады Балалар тапсырманы орындайды. Балалар берілген тапсырманы мұқият тыңдап орындайды.

	- Пішініне қарай тік төртбұрыш, шаршы емес, түсіне қарай көк пен жасыл түсті емес, көлеміне қарай кішкентай емес, бір сызықпен тұйықталған пішін	
Рефлексивті – корригиялық	**3. Логикалық жаттығулар.** - Ұясына не бірінші ұшып барады, торғай ма әлде қырқаяқ па? - Теректің тұқымынан неше аққайың өсіп шығады? - Не қатты қарқылдайды, көке пе әлде қарға ма? -Не ауыр-бір килограмм қант па әлде бір килограмм мақта ма? Суда не тез жүзеді қаз ба, әтеш пе?	Балалар ойынға қызыға араласып, логикалық жаттығулардың жауабын табады.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар кеңістікті бағдарлай білулері керек.
Қалыптасқан әдет: суретте жасырынған жануарлар бейнесін таба біледі.
Істей біледі: балалар логикалық тапсырмалардың жауабын таба біледі.

№ 14 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Мен жол саламын.Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын»
Мақсаты: Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,ынтамен дұрыс орындауға үйрету. Тура және кері санауды одан әрі дамыту,ой-өрісін кеңейту.
Қолданылатын көрнекіліктер: пішіндер,үйшік, сандар,үлестірмелі аңдар суреттері, сызба суреттер,логикалық тапсырмалар, «Танграм»ойыны,
«Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- Балалар, бүгін біз ертегі әлеміне барамыз.	-қуанады,
Ұйымдастырушылық ізденіс	Алаңқайда бір үйшік тұр, тапсырманы орындау керек деген хабарлама жазылған. 1 - ші тапсырма: д/о: «Қай санды жасырдым?»  - Алаңқайдағы үйшікке 1 саны келеді, есік қағады. - Мынадай тапсырманы орындасаң ғана, үйшікке кіресің. -2-санын көтерген бала	-шартты қабылдайды, -талпынады, -ойланады, -жауап береді. -алдындарындағы сандармен орындайды, -, кіру үшін есікті қағады. -1 санын көтерген бала тапсырманы орындайды. - сандарға мұқият қарайды, - ойланады, -ретімен санайды, - қандай санның орны ауысқанын айтады. - Тоқ - тоқ, үйшікте кім бар?

	(тоқ-тоқ) -(2 саны тапсырманы орындайды). 3-санын көтерген бала ; (тоқ – тоқ), (2 саны жауап береді). 2-ші тапсырма: Д/о: «Не өзгерді?» -Геометриялық пішіндерді ата. - Алаңқайдағы үйшікке 3 саны келеді, есікті қағады. - Мынадай тапсырманы орындасаң, үйшікке кіресің. 3-ші тапсырма Логикалық есеп: «Нешеу?». 1) 5 қонжық орманға, Бара жатты қорбаңдап. Бірі олардың шаршады, Әрі қарай бармады. Қанша қонжық кетті алда? 2) Менде болды 3 алма, Бердім досыма 1 алма. Қалды сонда неше алма? 3) Тарелкада 4 алмұрт, Батыр алды біреуін. Қалды сонда неше алмұрт - Тоқ - тоқ, (3 саны жауап береді). - Алаңқайдағы үйшікке 4 саны келіп, есік қағады. - Мынадай тапсырманы орыңдасаң үйшікке кіресің. **4-тапсырма: «логикалық карточкалармен жұмыс»** - Алаңқайдағы үйшікке 5 саны келіп, есік қағады. - Тоқ - тоқ, (4саны жауап береді). - Мынандай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің.	-(1 саны жауап береді). - Үйшікте мен, 1 саны бармын. - Мені кіргізші?! -пішіндерге мұқият қарайды, -ретімен пішіндерді атайды, -ойланады, -қандай пішіннің орны ауысқанын айтып береді. -үйшікте кім бар? - Үйшікте мен, 2 саны бармын. - Мені кіргізші?! -ойланады, -талпынады, -алдарындағы конверртегі карточалармен орындайды -4 қонжық кетті, -2 алма қалды, -3алмұрт қалды. -үйшікте кім бар? - Үйшікте мен үш саны бармын. 4-саны Мені кіргізші?! -ойланады, -талпынады, -сызба карточкамен жұмыс жасайды. -үйшікте кім бар? - мен төрт саны

	5-ші-тапсырма:
	«Танграм»ойыны
	Жануарларды құрастыр? Егер жұмбақтың жауабын тапсақ, қандай жануарларды құрастыратындарыңды білетін боласыңдар.
	
	Жұмбақтар
	1)Халық «қу» деп,
	Қылған күлкі
	  Айласы көп.
	  Бұл не?
	2)Қалқиып қос құлағы,
	Еленде́п қорқып тұрады.
		бармын.
		- мені кіргізші?!
		
		-ойынының шартын қабылдайды,
		-ойланады,
		-талпынады,
		-орындайды,
		
		-түлкі,
		-қоян,
		-аю,

Рефлекстік түзету	Алаңқайдағы үйшікке қандай сандар келді? Ұнаған санның тапсырмасын айтып бер? Қандай жануарларды құрастырған ұнады? Ол қай ертегіден? Ертегі әлемінде алған көңіл күйімізді көрсетейік.	-қойылған сұраққа жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: пішіндердің түр-түсін ажырата біледі,
Түсінеді: ертегі желісі бойынша жануарларды тура және кері орналастыра алады,
Қолданады: логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны модульін, қолдана біледі;

№ 15 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: ««Менің көліктерім» .
Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру.
Қолданылатын көрнекіліктер: түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі карточкалар,сандар,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп-талаптану	Көңілді ойын жасайық, Батыл қадам басайық. Осылайша шабытпен, Ойынымызды бастайық.Сиқырлы шарлардың тапсырмаларын жақсы орындасақ,«Үздік логиктар» боламыз.	-сиқырлы шарларды қарайды -қуанады.

Ұйымдастырушылық ізденіс	«Сиқырлы шарлар» Шарлардың ішінде тапсырмалар берілген. 1-тапсырма «Неге ұқсайды?» - геометриялық пішіндердің -түсіне, пішініне қарай ұқсас заттарды атайды.  2– тапсырма: «Кім тапқыр?» Балаларға математикалық есептер беріледі. 1. Табақта бір алма, Қолымда үш алма. Барлығын қосқанда, Шығады неше алма? 2. Бес алманың екеуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады? 3. Ақ балапан, Сары балапан. Шұбар балапан, Қара балапан. Барлығы неше балапан? 4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? 3-тапсырма: «Тез ойла» 1. Құста неше тұмсық бар? 2. Адамда неше көз бар? 3. Үшбұрышта неше бұрыш бар? 4. Екі қоянның неше құлағы бар? 5. Жұлдызда неше бұрыш бар? 6. Бос ыдыста неше алма бар? 7. Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе? 4 –тапсырма: сызбамен жұмыс *Сызба арқылы өз бағытыңды тап*	-қуанады, -шартты тыңдайды, -ойланады, -жауап беруге талпынады, -шарларды жарып, тапсырмаларды орындайды. - дөңгелек күнге, -сопақ-жұмыртқаға т.б. - орындауға талпынады, -ойланады, -қызығушылықпен орындайды. - алдарындағы таяқшаларды санау арқылы есепті шешеді. - табақта(4)алма, -қолымда (3) алма қалады, -барлығы (4)-балапан -ағашта (1) торғай қалды -ойынның шартын қабылдайды, -ойланады, -жауап береді. -құста 1-тұмсық бар, -адамда екі көз бар, -үшбұрышта 3-бұрыш бар, -екі қоянның құлағы 4-еу, -жұлдызшада 5-бұрыш бар, -бос ыдыста алама жоқ, -қоян жүйрік.

	 д/о: 5 –тапсырма: сызба арқылы көбелекті гүлге қондыр  Барлық тапсырмаларды «Үздік логиктар» болып орындадық.	-шартын қабылдайды, -талпынады, -ойланады, -сызба арқылы қай бағытқа жететінін сызады. -шартын қабылдайды, -талпынады, -ойланады, -сызба арқылы көбелектің қай бағытқа жететінін сызып көрсетеді.
Рефлекстік түзету	Қандай түсті сиқырлы шардың тапсырмасы ұнады, көрсет? Неге? Көңіл – күйімізді	-ойланады, -талпынады, -жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: пішіндерден түсіне, пішініне қарай ұқсас заттарды жасауға талпынады,

Түсінеді: логикалық есептерді орындауды,

Қолданады: таяқшалар,сандар,сызба тапсырмалар,

№ 16 шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ағаштар».

Сабақтың мақсаты: Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.

Сабақтың көрнекілігі: жануарлардың суреттері, жемістердің үлестірмелі суреттері, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар,үн таспа, пішіндердің суреттері,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Кім тапсырмаларды көп орындаса, сол жеңімпаз болады. «Кім, тапқыр?» Түзу, қисық,	-қуанады, - шартты қабылдайды,

	алу,қосу, санау,санамақ, балабақша т.б.(артық сөзді тап) 	-мұқият тыңдайды, -тырысады, -ойлайды -жауап береді. -балабақша деген артық сөзді табады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Әуенмен топқа, Сайқымазақ келеді. (тапсырмаларын орындау) 1-тапсырма: Қызықты тапсырмалар 1)Сюжетті логикалық есептер Қоянға, түлкіге, аюға үш түрлі жалауша жасап берді – қызыл, сары, көк. Қояндағы жалауша қызыл емес, түлкідегі қызыл да,көк те емес. Кімнің жалаушасы қандай? 2)Ардақ алма ағашынан 9 алмұрт, Гүлдана 2 алмұрт жұлып алды. Қыздардың қайсысы көп алмұрт жинады. Осы кезде әуенмен «Пішіндерді есте сақта» Пішіндердің орнын ауыстырмай, ретімен орналастыр. 2-тапсырма «Сәйкес келмей тұрған суретті тап» (тауық, үйрек,өрмекші,торғай т.б) 3-тапсырма	-қуанады, -амандасады, -қарсы алады. - тапсырмаларын орындайды. - логикалық есептерді орындайды. -тапсырманың шартын қабылдайды, -ойланады, жауап береді. - есепті шешеді. –жалаушалар (қызыл,сары,көк). - қоянның жалаушысы -көк,түлкінің жалаушасы -сары,аюдың жалаушасы-қызыл. үлестірмелі санағыш таяқшалар беріледі. - (Ешқайсысы алмұрт жинаған жоқ, себебі алма ағашында алмұрт өспейді). - жаттығуды орындайды. -шартты тыңдайды, -ойланады, -жауап беруге талпынады, -тырысады. - фигураларды орнын ауыстырмай ретімен қойып шығады, - фигураларға зейін салып қарап естерінде сақтайды. -үшбұрыш -төртбұрыш, -дөңгелек,

	« Монгол ойыны /модельдермен жұмыс/ Берілген геометриялық пішіндерден кім не құрастырады. Балалар үлгіге қарап  (түйе,сиыр,күшік) құрастырады. 4-тапсырма үй жануарлары туралы қандай мақал –мәтел,жаңылтпаштар білесіңдер. 5-тапсырма Санамақ: «Бір дегенім – білеу Екі дегенім – егеу.....	-сопақ, орындарының ауысқанын табады. -Шартты қабылдайды, -мұқият қарайды, -ойланады, -талпынады, -сәйкес келмей тұрған суретін сызып тастайды. -тауық, - үйрек, <u>-өрмекші,</u> -торғай -ойланады, -тырысады, - жануарлар жайлы білетін мақал мен жаңылтпаштарын айтады. - ойынының шартын қабылдайды, -ойлайды, -орындайды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -жауап береді.
Рефлекстік түзету	Кім қонаққа келді? Қандай тапсырмалар орындадық? Өздеріне ұнайтын жануарларды айтып беріңдер.Сендерге қандай тапсырманы орындаған көп ұнады. Сақымазақтың тапсырмасы ұнаса, сайқымазақтың көңілді суретін көтеріңдер?	-жауаптары, -шартты қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -жауап береді. -

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: сандарды ,пішіндерді ретімен қоюға тырысады;
Түсінеді: қызықты тапсырмаларды орындау жолдарын;
Қолданады: сызба тапсырмаларды, «Монгол» ойыны модульдерін қолдана біледі;

№ 17 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Қыстап қалатын құстар»
Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.
Қолданылатын көрнекіліктер: сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо» , «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық	д/о: «Төртінші артық » ойыны	Балалар,шартты

қозғаушылық	-тауық , үйрек , қаз, -қар , жаңбыр, -емен , қайың , терек, -шаршы , төртбұрыш , үшбұрыш Осы дидактикалық тапсырманы орындасақ, кейіпкер қонаққа келеді.	қабылдайды, ойынға қызығады,қуанады ,шапшаң жауап беруге талпынады, ойланады,ойнайды. Ойынның шарты бойынша артық сөзді табады. -<u>аққу ,</u> <u>-найзағай</u> , <u>-шырша</u> , <u>-шеңбер ,</u>
Ұйымдастырушылық ізденіс	Күтпеген сәтте ән әуенімен Тиін мен Қоян келеді. Сәлеметсіздер ме, Бізге сендердің көмектерің керек. Мына тапсырмаларды орындасақ қана өз үйімізді таба аламыз. 1-тапсырма «Бірдей заттарды тап» сызба арқылы заттардың ұқсас ерекшеліктерін ата,сызықпен белгіле. 2-тапсырма «Танграм»ойыны.  3-тапсырма логикалық есеп «Тез есепте» 1)Бес сәбіздің біреуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады? 2)Тәрелкіде екі алма, Қосып едім біреуін, Болып шықты неше алма ? 4)Дымбілмес алдында 4 құлпынай , содан кейін 3 құлпынай жеді.Дымбілмес барлыға неше құлпынай жеді? 5)Айнұр 2 пирамида, ал Гүлнұр 3 пирамида құрастырды.Екі қыз неше	-қуанады, -амандасады. -талаптанады, -орындайды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -жауап береді. -сызбамен жұмыс жасайды, -шартты қабылдайды, -ойланады, -олардың қандай пішіндерден құрастырылғанын атайды, -ойланады, -шапшаңдық, -белсенділік танытады. -санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді. -4 қалады, -3алма, 7-құлпынай жеді

	пирамида құрастырды? 4-тапсырма «Коломбовое яицо»жануарларды құрастыр  5-тапсырма сызбамен жұмыс Тиін мен Қоянның қай үйде тұратынын сызба арқылы табады. -Тиін мен Қоян рахмет сендерге балалар, тапсырмаларды орындап, біздің біздің үйімізді көрсетіп бердіңдер.	-5 пирамида құрастырды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -модульдерден бейне жасайды. -сызбамен жұмыс жасайды. -қабылдайды, -талпынады. Сызба арқылы Түлкі мен Қоянның үйлерінің бағытын сызба арқылы көрсетіп береді. Тиін мен Қоянмен қоштасады.
Рефлекстік түзету	Дидактикалық тапсырманы орындағанымыз үшін қандай кейіпкер қонаққа келді? Жануарлардың қайссы өзіне ұнайды? Тиін туралы не білесің? Қоян ше? Сүйкімді жануарың туралы айтып бер? Қайда өмір сүреді? Ұнаса көңілді суретті көтереміз.	-қабылдайды, -жауап беруге талпынады, -

Күтілетін нәтиеже:
Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: заттардың ұқсас ерекшеліктерін;
Түсінеді: логикалық тапсырманы санағыш таяқшалармен шешу керектігін,
Қолданады: ойын тапсырмаларды, жұмбақтарды, «Танграмм» модульдерін қолдана біледі

№ 18 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ғажайып тапсырмаларға саяхат »
Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.
Қолданылатын көрнекіліктер: сандар, (балық,ит,
құрбақа, алма,құс,үйрек) үлестірмелі карточкалар , таяқшалар, сызба тапсырмалар, жұмбақтар, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Д/о: «Төрт құбылыс» Осы дидактикалық тапсырманы	-қуанады, -шартты қабылдайды, -талпынады,

	орындасақ, бір кейіпкер қонаққа келеді.	- шеңбер жасап отырады, -су-десе қолдарын алдарына созады, - «ауа»- жоғары көтереді, -«от»-қолдарын айналдырады, -«жер» қолдарын түсіреді.
Ұйымдастырушылық ізденіс	«Құрбақа» қонаққа келеді. Сәлеметсіздер ме?Тапсырма алып келдім, мен өз жапырағыма қалай жететінімді білмеймін. 1 - тапсырма. Дидактикалық ойын. Танграм ойыны  2 - тапсырма. Логикалық есептер - Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? - Табақта бес алма,Қолымда үш алма,Інімде екі алма,Қосқанда барлығы болады неше алма? Бір алма атама,Бір алма әжеме,Бір алма апама, Бір алма әкеме,Нешеуін алады? Нешеуі қалады? 2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? 3. Аулада бес үйрек, Қорада үш үйрек. Бір үйрек тығылды,Бір үйрек жығылды,Қалғаны неше үйрек? 4 - тапсырма Жұмбақтар. 1.Адамға серік, күзетке берік. 2.Жүрегі бар, ізі жоқ, Қанатты бар, ұшпайды. Су астында қыстайды. 3.Сұм жүзді, Құралай көзді,	- амандасады, -қарсы алады, -қуанады. -шартты қабылдайды, -ойлайды, -талпынады, -үлгіге қарап бейне құрастырады -шартты тыңдайды, -ойланады, -шапшаңдық,белсенділік танытады. -үлестірмелі санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді. -төртбұрышты доп болмайды. -6 алма, -3 құс қалды. -6үйрек - шартын тыңдайды, -ойланады,

	Киікше секірген, Бура санды, Жолбарыс тонды. 5-тапсырма д/о: «Орныңды тап» Өзінің жанындағы тұрған баланы есіне сақтап қалады, 6-тапсырма: «Құрбақаның жапырағын тап» Сызбамен жұмыс Балалар, сендер менің тапсырмаларымды орындап , сызба арқылы менің жапырағымды тауып бердіңдер рахмет.	-жауап береді. -(ит), -(Балық), -(Құрбақа) -шартты қабылдайды, -ойланады, -есіне сақтайды. - шеңбер жасап тұрады. -өзінің жанындағы баланы есіне сақтап қалады, -белгі бойынша олар бөлменің жан-жағына тарап кетеді, -екінші белгі бойынша кімнің қасында тұрғанын есіне сақтап шеңберді түзейді. -тапсырманы орындайды, -шартты қабылдайды, -ойланады, -қуанады. -құрбақаның қай жапыраққа келетінін сызып көрсетеді. -қоштасады.
Рефлекстік түзету	Құрбақа бізге не үшін келді? Құрбақа қайда мекендейді? Құрбақа жайлы тақпай айтайық. Қандай тапсырмалар ұнады?	-ойланады, -талпынады, -жауап береді .

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: Өзінің жанында тұрған баланы есіне сақтап қалуға тырысады
Түсінеді: санағыш таяқшалармен есепті шеше алады,
Қолданады: логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолдана біледі.

№ 19 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Аққала қоңақта»
Мақсаты: Балалардың сандарды қайталап, есепті шығаруға үйрету, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Қолданылатын көрнекіліктер: ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қапшық сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Зейінді бол» (стол,керует,кесе,қоян, табақ, шкаф, түлкі, қазан, кілем,аю.т.б) дидактикалық тапсырманы жақсы орындасақ бір кейіпкер пайда болады.	Балалар ,ойынның шартын қабылдайды,ойланады,талпынады,белсенділік танытады жауап береді.Балаларға,әр түрлі (жануар,жиһаз,ыдыс-аяқ) суреттері беріледі. «Жануар» сөзін естігенде балалар қолдарын шапалақтайды, жануардың суретін көтереді. -түлкі, -аю, -қоян,
Ұйымдастырушылық ізденіс	Сайқымазақ келеді 1-тапсырма: «Салыстыр» сызбамен жұмыс. Бос торкөзде қандай сурет болуы тиіс жалғастыр. 2-тапсырма: д/о: **Сиқырлы қапшық.** Түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтарды салыстыр,топтастыр. 3-тапсырма а)«Айырмашылығын тап» Ұқсас екі суреттің айырмашылығын табу. ә)Сәуле екінші столға не қоюды ұмытып кетті? 4-тапсырма Логикалық тапсырмалар 1.Үйге келді Мадияр. Оған қоса Данияр. Одан кейін Айдана. Қанша болды бар бала? 2.Жан-жаққа кетті зымырап, Мысықтан қашып тышқандар. Біреуі кірді қорапқа. Біреуі кірді шкафқа.	-шартын қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -жауап береді. - сызбамен жұмыс жасайды, -шартын қабылдайды, -ойланады, -талпынады, - ішіндегі затты ұстап көріп, -пішінін анықтайды, - ойыншықты алады, - атын атайды - түсін айтады. -ойланады, -талпынады, -суреттегі екі аққалаға қарайды,ойланады, -талпынады, -жауап беруге тырысады, -айырмашылығын айтады. -екі суреттің айырмашылығын сызба арқылы белгілейді. -гүл,стакан,қасық,кружка. -шартын қабылдайды, -ойланады, -жауап беруге тырысады, -тапсырманы орындайды.

	Біреуі кірді жәшікке. Тығылды сонда нешеуі? 5-тапсырма ***Танграм ойыны***  Сайқымазақ сендер менің тапсырмамды орындап бердіңдер,сол үшін сендерге өзімнің суретімді беремін.сау болыңдар! 	- үйде 3- бала болды. -3тышқан тығылды. -ойланады, -талпынады, -үлгіге қарап құрастырады. -қуанады, -естелікке суретін алады, -рахмет айтады, -қоштасады.
Рефлекстік түзету	Қандай дидактикалық тапсырманы орындағанда кейіпкер пайда болды? Есімізге түсірейік,кім келді?Сайқымазақты қайдан көрдіңдер? Ол қайда жүреді? Қандай тапсырма жеңіл болды,әрі ұнады?	-ойланады -тырысады, -жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:

Ұғынады: суреттің айырмашылығын таба алады;
Түсінеді: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыра, топтастыра біледі;
Қолданады: логикалық тапсырмала; сиқырлы қапшық, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

№ 20 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: ««Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларды сандардың таңбаларан, логикалық тапсырмалар арқылы, балалардын ойлау есте сақтау қабілетерін дамыту. Ептілікке тәрбиелеу,

аптадағы күн аттарын ретімен атауға,кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.
Көрнекіліктері: бөлме сызбасы, асықтар,ребустар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Пошташы хат әкеледі.	-амандасады, -қарсы алады, -қуанады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар бүгін сабаққа маған көмекке	-қуанады - Айдосқа

	Бақа келем деп еді.Келе алмайтының ескертіп өзінің тапсырмаларын поштамен салып жіберіпті.Сондықтан көмекке мен сендердің араларыңнан Айдосты шақырамын. Маған көмектеседі және арасында өзі де жауап береді. - Мына дорбадағы асықтарды ұпай ретінде таратады. Балалар бір аптада неше күн бар? Оларды кім атап береді? Бүгін аптаның қай күні? -Балалар бақаның тапсырмаларын мен осы бөлменің ішіне тығып қойдым. Сызбаға қарап кім тауып береді? 1 тапсырма: Бақа өзінің көлшіктерін қағаздан қиып салып жіберіпті,неге ұқсайтынын айтыңдар деп сұрайды. Д/ойын «Неге ұқсайды» Бақаның тағы да бір өтініші бар 10-ға дейін санап беруді сұрайды. Кім санамақ біледі дейді. 2- тапсырма: Д/ойын «Қатені түзе» 3 тапсырма: <u>Логикалық есептер.</u> 1.Стол үстінде үш кеседе жүзім,тұрды.Арман келіп бір кеседегі жүзімді жеп қойып кесені орнына қойды. Стол үстінде неше кесе тұр? 2.Мамасы 4 шар сатып алды Меруерт пен Сәбитке. Кімге неше шар береді? 4 тапсырма: Д/ойын « Ребустар шешу » С 10 А 6 Н К 3 5 ік 5 тапсырма: « Монгол ойыны » /модельдермен жұмыс/ Алдарындағы берілген геометрикалық пішіндерден кім не құрастырады.Балалар	көмектесуге тырысады. -сұрақтарға жауап береді. -ойланады, -орындайды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -орындайды -санамақтар айтады -ойланады, -талпынады, -жауап береді -ойланады - талпынады, -жауап береді, -3кесе бар -2шар,Меруертке, 2-шар Сәбитке. -ойланады - талпынады, -Ребусты шешеді -сан -бесік -шартты қабылдайды,

	үлгіге қарап (түие,сиыр,күшік) құрастырады. білесіңдер. 	-тырысады, -ойлайды жауап береді. -геометриялық пішіндермен үй жануарларын құрастырады.
Рефлекстік түзету	Балалар біз қайда бардық? Қандай тапсырмаларды орындадық? Қандай жануарларды құрастырдық? Үй жануарлары жайлы тақпақтар білеміз бе? Кімге қандай жануар ұнайды? Тапсырмалардан алған әсерімізді күннің көзі мен бұлт арқылы білдірейік.	-қойылған сұраққа жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: он санын байланысты санамақты айта алады;
Түсінеді: кеңестікті бағдарлай біледі
Қолданады: логикалық тапсырмалар, «Монгол ойыны», «Игровизор»

№ 21 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Тақырыбы: «Артық, кем, осынша»

Мақсаты: Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру.

Көрнекіліктері: сызба тапсырмалар, сөзжұмбақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ,«Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Суретті сөзжұмбақ Сары ұяшықтағы сөзді табыңдар! Сөзжұмбақты дұрыс шешсек бір кейіпкер пайда болады. 	- шартты қабылдайды, -ойланады, -жауап беруге талпынады, -орындайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс	1-тапсырма: Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл, орамал,бантик,көзілдірік)	- шартын қабылдайды, -қуанады шеңбер жасап отырады, -бір-біріне мұқият қарайды,

	не өзгерді? 2-тапсырма: д/о: «Коломбовое яицо» ойыны пішіндерден бейне құрастыр.  1.Ағаш басында 2 балық отыр еді. Оларға тағы 2 балық ұшып келді. Барлығы неше балық болды? 2.Алма ағашында 10 алма, ал үйеңкі ағашында одан 2 алма аз өсіп тұр. Үйеңкі ағашында неше алма өсіп тұр? 3.Үй тышқанның неше құлағы бар? 5.Жанұяда 7 ер баланың бір-бірден қарындасы бар. Жанұяда қанша бала бар? 3-тапсырма: «Ұқсастық» Бос шаршыдағы жетіспейтін суретті тап,оның суретін салып аяқта. , балалар сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар,рахмет	-көздерін жұмады. -көздерін ашқанда не өзгергенін айтады. - шартты қабылдайды, -ойланады, -үлгіге қарап,алдарындағы конверттегі үлестірмелі пішіндерден бейнелер құрастырады. - шартты қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -орындайды. - балықтар ағашта отырмайды және ұшпайды; -Үйеңкіде алма өспейді, -2 құлағы болады, -(8 бала:7 ұл,1 қыз) шартын қабылдайды, -ойланады, -маркермен бос шаршыдағы жетіспейтін суретті табады, -суретті аяқтайды. -көйлек,орамал,үй -қуыршақ,шарбақ,баспалдақ, саты,мысық. - Қоштасады.
Рефлекстік түзету	д/о: «Көңілді шеңбер» ойынын қайлалар жіберейік. Сендерге қандай тапсырмаларды орындаған өте қызық болды? Көңіл күйімізді білдірейік.	-ойланады -тырысады, -жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: заттардың ұқсастығын ажыратып, салыстыра біледі,
Түсінеді: сөзжұмбақтарды шеше алады,
Қолданады: сызба тапсырмалар, сөзжұмбақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ,«Игровизор» қолдана біледі

№ 22 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы
Тақырыбы:«Қысқы орманға саяхат»
Мақсаты: логмкалық тапсырмаларды орындата отырып, реттік санау , суретте ісанға сәйкестендіруді жетілдіру, зейінің дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Көрнекілік құралдары: сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор»,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Көңілді санамақтар» Кейіпкер пайда болды.	Кел санайық екеуіміз, Бас бармағым - әкем, Балан үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен Кішкене бөбек - сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.
Ұйымдастырушылық Ізденіс	 1-тапсырма: Үйінен адасып қалған балаға сызбаның көмегімен жолын көрсетейік. 2-тапсырма Орманға барар жолда бала нені кезіктіргенін жұмбақ шешу арқылы табыңдар. Үсті толы инелер, Бірақ та іс тігіп, Қадамайды түймені 3-тапсырма Схема бойынша кіріпінің жолын табуға көмектес.  4-тапсырма:Логикалық есеп «Тез есепте» 1)Тал басында, Тізіліп, Он жапырақ тұр еді. Жел соқты да, Үзіліп, Ұшып кетті біреуі. Ізінше оның Жұлынып, Түсті тағы бесеуі. Тұр әлі де ілініп нешеуі?	-қуанады, -шартты тыңдайды, -ойланады, -сызуға талпынады, -тырысады. -ойланады - жұмбақтардың шартын қабылдайды шешуге талпынады, -орындайды. -(Кірпі) - схеманы қарайды -ойланады - орындайды. -тапсырманың шартын қабылдайды, -орындайды -4 ілініп тұр. -барлығы – 8

	2)Бір-бірімен жарысқан, Төрт аю, екі арыстан, Екі қоян,бір түлкі. Бәрі нешеу кім білді? д/о:«Алыптар мен ергежейлілер» Бұл орманда алыптар (балалар қолдарын жоғары көтеріп, аяқтарының ұшымен жүреді) мен ергежейлілер(балалар жүрелеп отырады) өмір сүріпті.Содан соң қимылдарды тәрбиешінің айтуымен жылдам -жай жасайды. 	
Рефлекстік түзету	Біз кімге көмек бердік? «Көңілді санамақтар» Кірпінің тапсырмалары қызық болды ма? Көңіл-күйімізді білдірейік.	- жауаптары

Күтілетін нәтиеже:.
Ұғынады: заттың көлеміне қарай салыстыруды біледі,
Түсінеді:Заттардың түр сипатын атай алады
Қолданады:логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды, «Игравизор» ойынын қолдана біледі.

№ 23 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Артық, кем»
Балаларды берілген суреттердегі артық, кем, осынша сөздерін қолдана отырып салустыруға үйрету. Тең, артық, кем белгілерін қоя отырып, тапсырманы орындау, берілген фигуралар жиынтығын үлгіге сай жазып шығуды, қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру
Қолданылатын көрнекіліктер: ойынға қажетті сурет тер,
сандар, сызба тапсырма,логикалық тапсырма, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	**д/о:«Не артық ойыны»** -Ине,балта, жіп. -Шаңсорғыш,үтік,киім. -Айна, тарақ,телефон.	Балалар ойынның шартын қабылдайды, ойлайды,шапшаң жауап беруге талпынады.қандай сөз артық екенін анықтайды. - балта, шаңсорғыш, телефон.
Ұйымдастырушылық ізденіс	**1-тапсырма** **Математика мақал-мәтелде»** (мақалдың жалғасын тап) *1.Бір тал кессең , ….* *2. Жүз теңгең болғанша,…* *3.Екі жақсы қас болмас,…*	-қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -жауап беруге тырысады. -он тал ек,

	4.Жеті рет өлшеп,… *5. Білекті бірді жығады, …* *6.Бір жеңнен қол шығар,…* (Қисынды есептер) 2- тапсырма: (суреттерін іле отырып) 1)Мен жүріп келе жатып, еменнің тасасынан екі ұзын құйрық және төрт ұзын құлақ көрдім. Олар нелер және нешеу? 2)Қақпа артынан 8 дөңгелек көрініп тұр. Қақпаның артында неше машина тұр деп ойлайсың? 3)Екі мысықтың аяғы нешеу? 4)Үш сиырдың мүйізі нешеу? 3-тапсырма «Жалпылау,жіктеу» (сызбамен жұмыс) 1) әр шаршыдағы қажетті затты сал және оны аяқта,оларды бір сөзбен қалай атайды? 2) Пішіндерді ата,үш топқа бөл, бос шаршыға пішіндерді суретін сал. 4-тапсырма «Монгол ойыны» 	-жүз досың болсын, -екі жаман дос болмас, -бір рет кес, -білімді мыңды жығады, -бір жеңнен бас шығар. - шартын қабылдайды, -талпынады, -ойланады, -жауап береді. -карточкалар, -таяқшалар арқылы есепті шешеді. -(2 түлкі, 2 қоян), -(2 машина) - (8) -(6) -шартын қабылдайды. -ойланады, -орындайды. -үлестірмелі сызба жұмысты сызып көрсетеді. -ойланады, -талпынады, -үлгіге қарап құрастырады.
Рефлекстік түзету	Мақалды жалғастырайық. Тапсырмалар несімен сендерге ұнады,неге,қандай тапсырманы орындаған ұнады?	-ойланады, -талпынады -жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:.
Ұғынады: шапшаң жауап беруге ,қандай сөз артық екенін;
Түсінеді: мақалды жалғастырып айта алады;
Қолданады: логикалық тапсырмаларды, сызба тапсырмаларды, «Игровизор» , «Монгол» ойыны модульін қолдана біледі.

№ 24-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Талдар» .
Мақсаты: балалардың суретке қарай отырып, ондағы бейнелердің өзара айырмашылығын ажырата білуін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тапқырлық қасиеттерге тәрбиелеу.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: аңдар-звери.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	**1.1.Ұйымдастыру кезеңі** **Психологиялық сәт** Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Тату бола білейік. Қайырлы күн, тілейік!	Балалар шеңберге тұрады, іс – қимылдарын жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. Демоестрациялық материалдармен жұмыс.** Тақтадағы суретте екі аңның бейнесі берілген. Олардың өзара айырмашылығын ажыратып табыңдар. **2.2. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** Карточкаларда әртүрлі аңдар мен олардың тағам түрлері берілген. Суретке мұқият қарап, осы аңдарды жейтін тағам түрлерімен жалғастырып, сызықпен қосыңдар. **2.3. Ойын-жаттығу.** Карточкаларда жартылай салынған заттардың бейнесі бар. сендер осы заттардың толық бейнесін жалғастырып салып бояп шығыңдар. **2.4.** Сергіту сәті. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.5. Ойын-жаттығу.** Карточкада бірнеше қыстық қоры бар тиін суреті берілген. Тапсырманың тәртібін сақтай отырып, тиіннің өз ұясына нені әкелетінін байқаңдар да суретін бояңдар.	Балалар тапсырма шартын тыңдайды да жауаптарын айтады. Балалар орындалатын іске ынта танытып, нұсқама бойынша жұмыс жасайды. Балалар карточкаға байланысты тапсырманы орындайды. Балалар мәтінге сай іс-қимылды жасайды. Балалар айтылған нұсқама орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3. Логикалық тапсырмалар.** -Ұясына не бірінші жетеді? -Торғай ма, әлде қырықаяқ па? Күзден кейін қай мезгіл келеді? Не қатты қарқылдайды? -Қарға ма әлде, көкек пе? -Ненің құйрығы ұзын? –Түлкінің бе, тиіннің бе?	Балалар ойынға қызыға араласады. -Торғай. - Қыс келеді . -Қарға. -Түлкінің.

Болжамды нәтиже:

Білуі керек: балалар суретке қарай отырып, ондағы бейнелердің өзара айырмашылығын ажырата білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балалар логикалық тапсырмаларды еркінорындайды, өз білетіндерін ортаға салып, бір-бірімен бөліседі.
Істей біледі: балалар берілген тапсырманы нұсқамаға сай орындай біледі

№ 25-ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ойлайық,шешпей оны қоймайық»
Мақсаты: логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер,дидактикалық ойындарды қолдану туралы білімдерін тиянақтау.
Көрнекілік құралдары: Сөзжұмбақ ,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Монгол», «Танграм» ойыны «Игровизор».

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Суретті сөзжұмбақ» Көк шеңбердегі сөзді табыңдар.	
Ұйымдастырушылық ізденіс	1 тапсырма: «Сан қатары» 2 - тапсырма: «Қай пішінге ұқсас?» Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі. Жанындағы бос өркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді. 3-тапсырма: «Монгол» ойыны 4 - тапсырма: Екі қаз ұшып барады, Биіктен төмен қарады. Аяқ нешеу, бас нешеу? Жауабын кім табады? Алма бағы жайнаған, Қызыл алма айналам. Алдым үзіп екеуін, Тағы да алдым екеуін, Алдым сонда нешеуін? 4-тапсырма «Танграм» ойыны пішіндерден қызықты бейне құрастыр.	- тапсырманың шартын қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -орындайды -жеке карточкалармен жұмыс жасайды 0....2....4 .....1..... 3.....5 5....3....1.... .....4..... 2.....0 сандарды ретімен қояды. 3-тапсырма - логикалық есептің шартын қабылдайды, -ойлайды, -талпынады,орындайды. алдарындағы үлестірмелі санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді. -2-бас,сегіз аяқ. 4-тапсырманың шартын қабылдайды, -ойланады, -пішіндерді атайды, -орындайды. - пішіндерден қандай бейне жасағандарын айтады.
Рефлекстік түзету	Балалар, сөзжұмбақтағы көк шеңберінен жасырылған қандай сөзді тауып алдық. Сендерге	-қабылдайды, - ойланады,

	сөзжұмбақпен жұмыс жасаған ұнады ма? Ұнаған тапсырмаларыңның қасына көңілді –көңілсіз бейнелерді орналастырайық.	-жауап береді

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: сандарды ретімен орналастыра біледі,
Түсінеді: ойын есептерді таяқшалармен орындай алады,
Қолданады: Сөзжұмбақ ,карточкалар, сызба тапсырмалар, «Игровизор» қолдана біледі.

№ 26-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: Кім жылдам?
Мақсаты: Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту,көліктің түрлерін атау және санау , пішіндер туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау.
Көрнекіліктер: суреттер,геометрикалық пішіндер,доп.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар бүгін сабақта біз қысқы орманға саяхатқа шығамыз.Бір-бірлеріне жылы сөздер айтындаршы. Қыстың ауа райы қандай? Орманға біз машинамен барамыз.	- шеңберге тұрып, -қолдарынан ұстайды. -Бір-бірлеріне қарап жылы сөздер айтады. -Күн суық, -қар жатыр. -Қыста сырғанаймыз, -қар атып ойнаймыз.
Ұйымдастырушылық ізденіс	1-тапсырма: Машина түрлерін санайды.Ормандағы шыршаларды санап шығайықшы.Мыналар не балалар(ойыншықтар)неге ұқсайды?шар қандай болады?Балалар қарандаршы аю циркке өнер көрсетуге асығып барады.аюдың қолында не ?Кәне мен сендерге де берейін ұстап көріндер.Аю бөренелерді айналдырады.бұл балалар цилиндр. Оның бұрыштары жоқ сондықтан орнықты тұра алмайды. 2-тапсырма Санандаршы неше цилиндр қайсысы артық ? -Сары цилиндр нешінші тұр? -Екінші цилиндрдің түсі қандай ? -Кішкентай цилиндр нешінші тұр ? Жіңішке цилиндр нешінші тұр ? Жуан цилиндр нешінші тұр ? Біздің топ бөлмесінде цилиндрге ұқсас заттар бар,соларты тауып алындар. 3-тапсырма «Неге ұқсады ?» Доппен лақтырып ойнайды. Ойын мақсаты:Балалардың естіу,көз	-Ауди,мерс,ниссан,камыз, Волга т.б -санайды. -Шыршаларды тура және кері санап шағады. -Ойыншықтар дөңгелек. -Шарларға ұқсайды. -Аюдың қолында ойыншықтар қолдарына алып ұстап көреді. -цилиндрлерді рет-ретімен санап шығады. -Барлағы төрт цилиндр бар. -Сары түсті цилиндр үшінші тұр. -Қызыл түсті цилиндр тұр. -Кішкентай цилиндр бірінші тұр. -Жіңішке цилиндр бірінші тұр. -Жуан цилиндр бесінші тұр.

	алдына елестету ұқсата білу дағдыларын қалыптастыру.Пішіндер туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау.Мысалы: Доп қандай ? Есік қандай? 4-тапсырма «Танграм» ойыны	Топта балалар цилиндрге ұқсас заттарды тауып әкеп қояды. Кім көп тауып әкеледі.Сол бала сыйлығын алады. - геометриалық пішіндерге ұқсайтынын атайды.балалар ұпай жинайды. -Шапшаң айтады. Доп дөңгелек. Есік тіктөртбұрыш. Балалар жолаққа цилиндрлерді қояды.Санайды. Кім жылдам сол қолын көтереді.
Рефлекстік түзету	Сабақты қортындылау.Бүгін сабақта жаңадан не үйрендің-дер?.Қандай ойын ойнадық ?	Цилиндрді білдік,шарды Жолақпен жұмыс істедік. «Неге ұқсайды»ойыны.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады:Қолдарымен сезе білу,1ден 10ға дейін санай білу.
Түсінеді:Куб,цилиндр,шаршыны білу.
Қолданады:суреттер,геометрикалық пішіндер,доп.

№ 27 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Салт дәстүр».
Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуді бекіту, қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Құрал-жабдық: карточкалар, түрлі-түсті қарындаштар.
Билингвизм: салт- дәстүр- традиции.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық сәт Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүрейік.	Балалар шеңберге тұрады. Қолдарынан ұстасады, алдыға созып, нұсқауға сәйкес іс-қимылдарды жасайды.
Іздену – ұйымдастыру шылық	**2.1. –** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суретте «Чип және Дейл» мультфильмінің кейіпкерлері бейнеленген. -Суретке анықтап қарап, Чиптің оң және сол жағында кімдердің тұрғанын айту.	Балалар анықтап қарап, тапсырманы орындайды.

	2.2. Ойын жаттығулары. Карточкада қуыршақ Айсұлу және оның ойыншықтары бейнеленген. -Қуыршақ Айсұлудың ойыншықтарына тезірек жетуіне көмектесіңдер. **2.3. Ойын жаттығулары.** Карточкада мысық, үйшік, тышқан бейнеленген. -Суретке анықтап қарап, жетпеген жерлерін толықтырыңдар. Мысыққа – құлақ, үйшікке- терезе, тышқанға- құйрықты жалғастырып салып беріңдер. **2.4. Сергіту сәті:** Жаза-жаза саусағым, Әлсіредің, шаршадың, Жұм-аш, жұм-аш, Енді біраз билеп ал, Бойды жазып жүріп ал, Қарындашты ал қолға, Жазуыңды аяқта. **2.5. Ойын жаттығулары.** Карточкада әртүрлі бағыттағы дөңгелек пішіндер орналасқан. Үшбұрышты пішіннен бастап, сызық сызу арқылы әр дөңгелектен өтіп, шаршыға жету керек.	Балалар карточкалардағы графикалық тапсырмаларды орындайды. Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. Балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасап, саусақтарын дем алдырады. Балалар тәрбиешінің айтқан тапсырмасын орындайды.
Рефлексивті – корригиялық	**3.Д/ойын** «Ойлан да сөйлемді аяқта». Егер аспан жоғарыда болса, жер..... Егер шынар ағашы биік болса, қайың ағашы..... Егер мақта жеңіл болса, тас..... Егер апайы бауырынан үлкен болса, байыры.... Көлде балықтар көп болса, бақалар....	Балалар ойынға араласады. -төменде. -аласа. -ауыр. -кішкентай. -аз.

Болжамды нәтиже:
Білуі керек: балалар кеңістікті бағдарлай білулері керек.
Қалыптасқан әдет: балалар қазақтың салт-дәстүрі жайлы біледі.
Істей біледі: балалар мағынасына қарай сөйлемді толықтыра біледі.

№ 28 ші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

.

Тақырыбы: **Ойнайық та ойлайық»**

Мақсаты: Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету,ой-өрісін кеңейту.

Көрнекіліктер: сиқырлы қарындаш, қорапша, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп-талаптану	д/о:«Өз орныңды тап» ойынын ойнаймыз. сандарды алып, ретімен қатарға тұруларын керек. Сиқырлы қорап пайда болады.	-қабылдайды, -ойланады, -орындайды. -қуанады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Қайырымды адам сиқырлы қорап жіберіпті, ашып көрген көрейік. Бұл қорапты ашу үшін ең алдымен сұрақтарға жауап беруіміз керек. Сұрақтар: Суреттегі ойыншықтар нешеу? Бірдей ойыншықтар бар ма? Қуыршақ нешінші тұр? Балалар қорапта бізді саяхатқа апаратын қарындаш бар екен. Бұл қарындаш жай қарындаш емес, «Сиқырлы қарындаш». Барлығымыз көзімізді жұмайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді қоянның үйіне апар. Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар, Мен қалашығымыздағы тапсырмаларды орындай алмай отырмын. Сендер маған көмектесіңдерші? 1-тап«Монгол» ойыны. пішіндерің қиындыларынан жануарлардың модулын құрастырады -1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді аюдың үйіне қонаққа апар. Балалар, міне аюдың үйіне келдік. -2 тапсырма:сызба карточкамен жұмыс. 1) барлық үшбұрышты тап. 2)Дөңгелек затты тап.	-таңқалады, -қорапты қарайды, -қуанады. -қорапты ашуға асығады, -қызығады. шартты қабылдайды, ойланады, жауап беруге тырысады. Тақтадағы суреттерді орындайды. -7-еу, -бірдей ойыншықтар бар, -қуыршақтар 5-ші тұр, -сиқырлы қарындаш саяхатқа апаратынына қуанады - қоянның үйіне келеді. - амандасады, -қуанады. -ойланады, -орындайды, -жасауға тырысады, -ойланады, -талпынады, -үлгіге қарап құрастырады. -амандасады, -қуанады

	3)Жануарды ата. Сызық бойынша белгіле 4) Суретте жануарларды,құстарды, жәндіктерді топтастыр.  -1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді кірпіге апаршы. -3 тапсырма: Бөлінген суреттердің жалғасын тап және оларды боя. Балалар, конверттегі екі түрлі бөлінген суреттердің жалғасын табады. Жарайсыңдар сиқырлы қарындаштың көмегімен тапсырмаларды орындадыңдар. - Сиқырлы қарындаштың көмегімен топқа қайтайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді топқа апар. Міне, балалар топқа келдік.	-шартты қабылдайды, -ойланады, -сызба арқылы маркермен қоршайды. - үшбұрышты тауып қоршайды, -дөңгелек затты табады, қоршайды. -доп,шар. - жануарды атайды, -кім ненің баласы екенін сызба арқылы көрсетеді. -мысық,баласы марғау, -ит,баласы күшік, -тауық,баласы балапан -жауап береді. -жануарлар, -жәндіктер, - құстарды сызба арқылы қоршайды, -топтастырады. -қуанады, -тырысады, -ойланады -орындайды - бөлінген суреттерден не құрастырғандарын айтады, -кірпі, -балапан - бояйды. -топқа қайтады.
Рефлекстік түзету	Біз саяхатқа қайда бардық? Кімдер бізді қарсы алды Балалар сабақ соңында қолдарына берілген гүлдерді (қызыл, жасыл) үйшіктің айналасына жапсырып сабақтың қалай болғанын білдіреді. Өте жақсы ұнаса – жасыл түсті жапсырады	-қабылдайды, -жауап беруге талпынады,

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: алдында,артында ұғымдарын бір-бірінен ажырата алады,
Түсінеді: жануарларды,құстарды, жәндіктерді топтастыра біледі;
Қолдану: логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолданады

№ 29-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ғажайыптар әлеміне»

Мақсаты: Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге , ізденуге ұмтылдыру , білімдерін жан жақты дамыту ,ұшқыр ойлауға баулу .

Қолданылатын көрнекіліктер: үлгі карточкалар, сызба карточкалар, логикалық тапсырма,«Коломбовое яицо» ойыны, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Буратино бізге хат жіберіпті. Хатта логикалық есептер, тапсырмалар бар екен.	-қабылдайды, -қуанады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	1-тапсырма: «Коломбовое яицо» ойыны 	-шартты қабылдайды, -ойланады, -үлгіге қарап,пішіндерден жануарлардың бейнесін жасайды.
	2-тапсырма логикалық есептер, Логикалық есептер: 1) Әкем, шешем және мен Болса есепке талабың Айта қойшы, кәне сен Неше адамды санадым? 2) Көлден ұшты - 7 қаз Қайтып қонды - 2 қаз Қонбады оның нешеуі Кәне, кім тез табады? 3) Табақта бес алма Қолымда екі алма Қосқанда барлығы Болды неше алма? Бір - бірімен жарысқан 4 - аю, 1 - арыстан 3 - қоян, 1 - маймыл бар Бәрі нешеу табыңдар?	-шартты қабылдайды, -ойланады, -орындайды. -алдарындағы санағыш таяқшаларымен орындайды -сандарды көтереді. -5 қаз қонбады -7алма -барлығы (9)
	3-тапсырма: «Салыстыр»	-шартты қабылдайды, -ойланады,

	  4-тапсырма: Танграм ойыны  Буратино ,сендердің білмдеріңді тексердім,өте жақсы жауап бердіңдер,рахмет	-талпынады, -орындайды. -1)кемелердің барлығын бірдей етіп сызады, -2) Көбелектерді бірдей етіп Сызады -3) доптарды бірдей етіп жасайды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -үлгідегідей пішіндерден бейне жасайды. -жасағандары жайлы айтып береді. -қоштасады.
Рефлекстік түзету	Бізге кім хат жіберді? Буратиноның тапсырмаларын есімізге түсірейікші. Оның достары кімдер? Ұнаған тапсырмаларыңды айтып беріңдер. Ұнаса көңілді смайликтарды көтереміз.	-ойланады, -талпынады, -жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:

Ұғынады: үлгіге қарап,пішіндерден жануарлардың бейнесін ажырата алады,

Түсінеді: білімін жан-жақты дамытып, ұшқыр ойлау керектігін,

Қолданады: логикалық тапсырмаларды, сызба тапсырмаларды, игровизорды қолдана біледі

№ 30шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: **«Тапқыр болсаң, тауып көр»**

Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.

Қолданылатын көрнекіліктер: сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо» , «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық қозғаушылық	д/о: «Төртінші артық » ойыны -тауық , үйрек , қаз, -қар , жаңбыр, -емен , қайың , терек, -шаршы , төртбұрыш , үшбұрыш Осы дидактикалық тапсырманы орындасақ, кейіпкер қонаққа келеді.	Балалар,шартты қабылдайды, ойынға қызығады,қуанады ,шапшаң жауап беруге талпынады, ойланады,ойнайды. Ойынның шарты бойынша артық сөзді табады. -<u>аққу ,</u> <u>-найзағай</u> , <u>-шырша</u> ,

		-шеңбер ,
Ұйымдастырушылық ізденіс	Күтпеген сәтте ән әуенімен Тиін мен Қоян келеді. Сәлеметсіздер ме, Бізге сендердің көмектерің керек. Мына тапсырмаларды орындасақ қана өз үйімізді таба аламыз. 1-тапсырма «Бірдей заттарды тап» сызба арқылы заттардың ұқсас ерекшеліктерін ата,сызықпен белгіле. 2-тапсырма «Танграм»ойыны.  3-тапсырма логикалық есеп «Тез есепте» 1)Бес сәбіздің біреуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолында қалады? 2)Тәрелкіде екі алма, Қосып едім біреуін, Болып шықты неше алма ? 4)Дымбілмес алдында 4 құлпынай , содан кейін 3 құлпынай жеді.Дымбілмес барлыға неше құлпынай жеді? 5)Айнұр 2 пирамида, ал Гүлнұр 3 пирамида құрастырды.Екі қыз неше пирамида құрастырды? 4-тапсырма «Коломбовое яицо»жануарларды құрастыр	-куанады, -амандасады. -талаптанады, -орындайды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -жауап береді. -сызбамен жұмыс жасайды, -шартты қабылдайды, -ойланады, -олардың қандай пішіндерден құрастырылғанын атайды, -ойланады, -шапшаңдық, -белсенділік танытады. -санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді. -4 қалады, -3алма, 7-құлпынай жеді -5 пирамида құрастырды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -модульдерден бейне жасайды. -сызбамен жұмыс жасайды.

	 5-тапсырма сызбамен жұмыс Тиін мен Қоянның қай үйде тұратынын сызба арқылы табады. -Тиін мен Қоян рахмет сендерге балалар, тапсырмаларды орындап, біздің біздің үйімізді көрсетіп бердіңдер.	-қабылдайды, -талпынады. Сызба арқылы Түлкі мен Қоянның үйлерінің бағытын сызба арқылы көрсетіп береді. Тиін мен Қоянмен қоштасады.
Рефлекстік түзету	Дидактикалық тапсырманы орындағанымыз үшін қандай кейіпкер қонаққа келді? Жануарлардың қайссы өзіңе ұнайды? Тиін туралы не білесің? Қоян ше? Сүйкімді жануарың туралы айтып бер? Қайда өмір сүреді? Ұнаса көңілді суретті көтереміз.	-қабылдайды, -жауап беруге талпынады, -

Күтілетін нәтиеже:
Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: заттардың ұқсас ерекшеліктерін;
Түсінеді: логикалық тапсырманы санағыш таяқшалармен шешу керектігін,
Қолданады: ойын тапсырмаларды, жұмбақтарды, «Танграмм» модульдерін қолдана біледі

№ 31шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Логика сыры»
Сабақтың мақсаты: Балалардың 10 көлемінде сандық есептеу дағдысын дамыту, сандарды тура және кері санауға, сандар көршісін атауды, кеңістікті бағдарлау, геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту.
Қолданылатын көрнекіліктер: ойынға қажетті заттар,сандар,санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо», «Игравизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп-талаптану	Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик, көзілдірік)не өзгерді? Дидактикалық ойынның шартын дұрыс орындасақ бір кейіпкер пайда болады?	-шартты тыңдайды, -ойланады, -қуанады, - шеңбер жасап отырады,бір-біріне мұқият қарайды,көздерін жұмады. - көздерін ашқанда не өзгергенін айтады.
Ұйымдастырушылық Ізденіс	Дымбілмес келеді. Логика сырын білгісі келеді.	-шартын қабылдайды,

	Логикалық тапсырма: 1- тапсырма 2-тапсырма 1-10-ға дейін тура және кері санау. 3- тапсырма : д/о «Алдында,артында, ортасында» 4 -тапсырма: логикалық есептер. 1).4 қоян мектептен келе жатыр, кенет оларға аралар шабуыл жасайды. 2 қоян қашып әрең құтылды. Қанша қоян қаша алмай қалды? 2) Шөптің арасынан 8 қоянның құлақтары көрінеді, ол жерде қанша қоян жасырынып қалды? д/о: «осылай жаса» Тақтада шыршалардың, дөңгелектердің, таяқтардың, шеңбер үстіндегі нүктелердің суреттері болады. Қанша жасыл шыршалар, қанша нүктеге дейін таяқтар, сонша біз иілеміз. 5-тапсырма «Салыстыр» сызбамен жұмыс, 1)Балаларды салыстыр Ең ұзын баланы бояйды,ең кішісін қоршайды. 2) Ағаштарды салыстыр Ең ұзын ағашты бояйды,еңқысқасын	-ойланады, -талпынады, -орындайды. -ойланады, - сандарды ретімен санайды, -кері санайды. -1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. -10,9,8,7,6,5,4,3,2,1. - шартын қабылдайды, -ойланады, -жауап береді. -4санының алдында - 3 саны тұр,5-тен кейін қай 6-саны тұр. 2 мен 4 ортасында (3) саны тұр? 6 санының көршілері (5 және 7).5 -шартты қабылдайды, -ойланады, -белсенділік танытады. - 2 қашады,-2-еуі қашпайды. - 2 қоян отыр - шартты қабылдайды, -суретке мұқият қарайды, -ойланады. -жасыл шыршалар, сонша біз иілеміз. (3) -дөңгелектер,сонша біздер секіреміз. (6) - аяқ ұшына тұрамыз. (5) - шеңбер үстінде нүктелер,сонша біздер қолымызды көтереміз. -ойланады. -талпынады, - ең ұзын баланы бояйды,ең кішісін қоршайды.

	қоршайды. 6-тапсырма «Коломбовое яицо» ойыны /модельдермен жұмыс/  Дымбілмес, рахмет сендерге балалар, тапсырмаларымды орындауға көмектестіңдер	-ағаштарды салыстырады -аққайың, -шырша, -үйеңкі -ең ұзын ағашты бояйды, -ең қысқасын қоршайды. -ойланады, -талпынады, -үлгіге қарап құрастырады. -қоштасады.
Рефлекстік түзету	Қандай кейіпкер қонаққа келді? Қандай тапсырмаларды орындаған көп ұнады? Көңілді,көңілсіз суретті көтер	-ойланады, -тырысады, -жауап береді,

Күтілетін нәтиеже:.
Ұғынады: сандарды тура және кері санайды, сандар көршісін атайды;
Түсінеді: алдында,артында,ортасында ұғымдарын ;
Қолданады: сызба тапсырмалар, логикалық , тапсырмалар, «Коломбовое яицо» модульдарын қолдана біледі.

№ 32-шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Тез ойла,ойна!»
Мақсаты: Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.
Көрнекі - құралдары: Сөзжұмбақ ,логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар, «Игровизор»,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Ретімен орналастыр» ойын жаттығу. Неден басталып, немен аяқталағаны жөнінде айтып бер.	-ойынның шартын қабылдайды, - жасауға талпынады, -ойланады,жауап береді. -бауырсақ терезе алдында тұрып домалап кетті. -қоян кездеседі. -суретті ретімен қояды жауап береді.
Ұйымдастырушылық ізденіс	1-тапсырма: «көңілді санамақ» Балалар 10-ға дейінгі сандар туралы санамақтар айтады. 2-тапсырма логикалық есеп. 1)Біз топқа 6 көк,4қызыл шелек Сатып алдық.барлығы неше шелек болады ? 2) Аулада бес тауық,	-шартты қабылдайды, -ойланады,жауап беруге талпынады. Бір дегенім білім, Білім жарық күнің.Екі дегенім елім,Далам,туым көгім.... 2-тапсырма

	Қорада үш тауық Бір тауық тығылды, Бір тауық жығылды, Қалғаны неше тауық? 3-тапсырма: «Сөйлемді аяқта» сөздік ойын.Сөйлемді оқып бастаймын,балалар аяқтайды. Күзде жаңбыр Көктемде ағаштар жапырақ жаяды. Қыста .... Жазда ... Көктемде ... Күзде жыл құстары ... «Танграм» ойыны «Артық сөзді тап» Жыл мезгілдері,апта күндері,тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту. 1.Қыс,жаз,таңертең,көктем. 2.Дүйсенбі,сәрсенбі,жұма, наурыз,жексенбі. 3.Түн,күн,бүгін,,таңертен, кешке. 4.Бір,үш,жеті,қыс,тоғыз.	- шартты қабылдайды, -ойлайды, -талпынады,орындайды. Алдарындағы үлестірмелі таяқшалар арқылы еспті шешеді. -топқа 9 шелек сатып алдық. -қалғаны 6 тауық. 3-тапсырма сөздік ойынның шартын қабылдайды,ойланады, талпынады,жауап береді. - жауады , - жапырақ жаяды. - балалар аққала жасайды., - ыстық, - егін егеді, -жылы жаққа ұшып кетеді, -шартын қабылдайды, -ойланады, пішіндерді атайды, -талпынады. Балалар, алдарындағы коверттегі Пішіндерді алып үлгіге қарап бейне құрастырады.Бейнені қандай пішіндерден жасағанын айтады. «Артық сөзді тап» ойынын шарын қабылдайды,ойлайды,талпынады, жауап беруге тырысады.Артық сөзді табады. -таңертең -наурыз -таңертең -қыс.
Рефлекстік түзету	Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық,	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:

Ұғынады: Есеп амалдардың орындау барысын,

Түсінеді: Бейнені қандай пішіндерден жасағанын түсінеді

Қолданады: логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолдана біледі.

№ 33шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Кім жылдам?»

Мақсаты: Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.

Көрнекілік құралдары: Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дымбілмес келеді. 	-қуанады -амандасады -қарсыалады
Ұйымдастырушылық Ізденіс	Дымбілмеске көмек берейік. 1-тапсырма: «Монгол» ойыны.  2-тапсырма: Дид/ойын: «ойлан – тап». 3-тапсырма: Балалар біз 0 ден 6 ға дейінгі сандарды санай да аламыз, жаза да аламыз олай болса «Көршісін тап» ойынын ойнайық. Балаларды ойынға шығару. Енді балалар 6 санының көршісін табайық. | | 3 | | | | 5 | | Енді балалар 6 санының көршісін табайық. | 5 | 6 | 7 | Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: 7 саны. Логикалық тапсырмалар	-тырысады - ойынның шартын қабылдайды, -ойланады, -қандай пішіндерден жасау керектігін қарайды, -пішінді атайды. -конверттегі пішіндерді қолданады, - үлгіге қарап түрлі бейнелерді жасайды. 2-тапсырма, ойынның шартын қабылдайды. - көздерін жұмады. -Ойлау, есту қабілетін жетілдіру мақсатында іштерінен санап, неше рет дыбыс берілгенін алдарындағы санды дұрыс тауып көтереді. -Ойынның шартын қабылдайды -Ойынға қызығушылықтарын арттырады

	1.Үйге келді Мадияр. Оған қоса Данияр. Одан кейін Айдана. Қанша болды бар бала? 2.Жан-жаққа кетті зымырап, Мысықтан қашып тышқандар. Біреуі кірді қорапқа. Біреуі кірді шкафқа. Біреуі кірді жәшікке. Тығылды сонда нешеуі? Ұқсас екі суреттің үш айырмашылығын табу.	-логикалық тапсырманы орындайды.
Рефлекстік түзету	Бізге кім қонаққа келді? Қандай көмектер бердік? Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық,	Балалар, сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:.
Ұғынады: сандар, геометриялық пішіндер туралы,
Түсінеді: Қисынды есептерді шығаруды.
Қолданады: сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор», қолдана біледі.

№ 34- шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: Пысықтаушы логикалық жаттығулары
Мақсаты:10көлемдегі сандар,олардың реті.Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері;ақыл-ой белсенділігін күшейту,шапшандылыққа,дәлдікке тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар «Коломбовое яицо»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	д/о«Есіңе сақта»	- карточка үлестіріледі, -шартты қабылдайды, -ойланады, -жауап беруге талпынады, -орындайды. -суреттегі бейнені естеріне сақтайды, -суретті жабады, -суретте не көргендерін айтады. -ит,көбелек,құстың қауырсыны, -кірпі, қарға,саңырауқұлақ, кәмпит, сәбіз,машина жауап береді
Ұйымдастырушылық ізденіс	Гүл сыйқырлы . Гүлге жету үшін тапсырмаларды орындауымыз керек. Балалар гүлдің жапырақтарын санап шығайықшы.Түстерін атаңдаршы ?.Тапсырмаларды орындаймыз. Балалар бір жылда неше мезгіл	-Гүлге назар аударады -- Әдемі гүл. -Тапсырмаларды орындаймыз. -жапырақтарын санап шығады. -Түстерін атайды. - тапсырмаларды қызыға орындайды.

	бар ? Қазір қай мезгіл ?. Көктемде неше ай бар ? Көктем айындағы мерекелерді білесіңдер ма? Ана суретті көрсетіледі. Сегізінші наурыз мерекесіне арнап кім тақпақайтады ? Сергіту сәті. «Әрі қарай сана» Аталған саннан берілген санға дейін санап,ары қарай допты береді. 3тен 7-ге дейін, 2ден6ға дейін. «Өз орнынды тап» ойыны. 0-ден ,10-ға дейін жазылған сандар беріледі. Реті бойынша тура және кері санайды. Мысалы:3 санының көршілері бір қадам алға. «Коломбовое яицо» ойыны Балалар аналарына ,әжелеріне сыйлық сыйылаймыз ба ?Гүл сыйлаймыз. Гүл құрастыру.	-Бір жылда төрт мезгіл бар. -Қазір көктем мезгілі. -Көктемде үш ай бар. Білеміз. -Сегізінші наурыз,аналардың,қыздардың мейрамдары. -Наурыз мерекесі. Құтты болсын осы шаттық күніңіз. Бақытты да өмір сүріңіз, Қуанышты жүзіңізбен әрдайым Бұл өмірде күліп қана жүріңіз. - ойнайды. - сандарды мұқиат қарап алады. -Сандарды атап санап шығады. -4 саны және 5 саны бір қадам алға шығады. Сыйлаймыз.
Рефлекстік түзету	Көрме ұйымдастыру. Жарайсындар балалар.	Балаларда қуаныш.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: сандарды ретімен орналастыра біледі,
Түсінеді: суреттерді есіне сақтап, айтып бере алады,
Қолданады: логикалық тапсырма, сызба ьапсырмалар, «Игровизор»

№ 35- шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

«Заңдылықтарды бұзбай қатарды жалғастыр»

Мақсаты: Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту, балаларды логикадан алған білімдерін қайталап пысықтау, ертегі кейіркерлерін ретімен айтуды машықтау, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу

Қолданылатын көрнекіліктер: түрлі түсті пішіндер, сандар, (гүл,орамал,бантик,көзілдірік),сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграмм» ойыны, «Игровизор»

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик,көзілдірік)не өзгерді?	- шеңбер жасап отырады, -шартты тыңдайды, -ойланады, -бір-біріне мұқият қарайды, -көздерін жұмады - көздерін ашқанда не өзгергенін айтады,

Ұйымдастырушылық ізденіс	Түрлі пішіндердің ішінде 7 түрлі тапсырма бар. Солардың сырын ашқыларың келе ме?  д/о«Санауды жалғастыр» ойыны арқылы 3 топқа бөлініп алайық. Бірінші болған топқа 1 жұлдызшадан беріледі.  1-топ: Алғырлар тобы 2-топ: Тапқырлар тобы 3-топ: Ойшылдар тобы 1- тапсырма «Адасқан сандар» -Бірінші болған топ 1 жұлдызшадан алады. 2 пішіннің -тапсырмасы: «Салыстыр» Әр қатардағы суреттен, бірінші суреттегідей бейнені дәл тап. 3 пішіннің тапсырмасы: Санамақ жарыс Балалар санамақ айтып жарысады. 4 пішіннің тапсырмасы: Қандай кубик пішінге сәйкес келетінін сызық арқылы көрсет. 5 пішіннің тапсырмасы. «Танграмм» ойыны	-қуанады, - пішіндерді мұқият қарайды, -ойланады -атайды. -төртбұрыш, -үшбұрыш, - куб, -цилиндр, -дөңгелек, -сопақша, -көпбұрыш, пішіндердің нешеу екенін санайды -1,2,3,4,5,6,7. жетеу. - 7-ге дейін санап, - әр 7 бала бір топ болып бөлінеді. - шартты тыңдайды, -ойланады. -талпынады, -7-ге дейінгі сандарды алады, -белгі берілген кезде ретімен тура тұра қалады. -келесі сәтте сол сандармен кері тұрады. - ойланады, -орындайды, -алдарындағы суретке мұқият қарайды, -әр қатардағы суреттен, бірінші суреттегідей бейнені дәл тауып, сызық арқылы қосады. -ойлайды, -талпынады, -санамақты айтады. -шартты қабылдайды, -ойланады, - қандай кубик пішінге сәйкес келетінін сызық арқылы көрсетеді, бояйды. -шартты қабылдайды, -ойланады, -пішіндерден бейне

	 6 пішіннің тапсырмасы: Бейне жұмбақ. Электронды оқулықтан беріледі «Ойнайық, ойланайық» ойындары 7 пішіннің тапсырмасы: 7 санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер? Пішіндер сырын тапсырмалар арқылы білдік.	жасайды. -шартты қабылдайды, -ойлайды, -жауап береді -ойлайды, -талпынады, -7ата, -7қазына, -7күн, -7қарақшы, -7күлше, Балалар хормен санап, әр топ неше жұлдызшадан жинағанын анықтайды.
Рефлекстік түзету	Балалар, бүгінгі ойынымыз қызықты болды, бәрің де өте жақсы қатыстыңдар. Ұнаған пішінді көрсет? Көңіл күйімізді көрсетейік.	-ойланады, -талпынады, -жауап береді .

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: геометриялық пішіндер мен денелерді ажыратып,сұраққа толық және нақты жауап бере біледі.
Түсінеді: сандардың таңбаларын танып оны ажыратуды,
Қолданады : санамақтар, бейнежұмбақтар,сызба карточкалар

№ 36- шы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Көңілді логиктар»
Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін, зеиінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу.
Қолданылатын көрнекіліктер: Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо»ойыны, «Игровизор»,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дымбілмес қонаққа келеді	-амандасады, -қарсы алады, -қуанады.

Ұйымдастырушылық ізденіс	Дымбілмес,балалар мен сендерден көмек сұрап келдім. Мына қолымдағы тапсырмаларды орындай алмадым. 1-тапсырма: 1)жануарлар бейнелегнен суреттерден басқасын боя. (Қаз,гүл,балық,ит,кружка) 2)Барлық бейнені қорша «А»әрпінен басқасын (үй, 7, шар, А, сәбіз, А,) 3) Барлық бейнені қорша «Ағаштан басқасын». (шырша,шарбақ,жапырақ,) 2-тапсырма: 3-тапсырма «Коломбовое яицо» рахмет,жарайсың дар,менің барлық тапсырмаларымды орындап бердіңдер.	-шартты қабылдайды, -суретке мұқият қарайды, -ойланады, -орындайды -гүл,кружка,балықты бояйды. -үй,7,шар,сәбізді бояйды. -шарбақ,жапырақты бояйды -шартты қабылдайды, -суретке мұқият қарайды, -ойланады, -орындайды -шартты қабылдайды, -ойланады, -модульдардан бейне жасайды. -қоштасады.
Рефлекстік түзету	Балалар,бізге кім қонаққа келді? Дымбілмес қандай тапсырмалар алып келді? Қалай көмектестік? Қандай тапсырмаларды орындаған ұнады?Көңіл	-ойланады, -талпынады, -жауап береді

	күйімізді әдемі бейнемен көрсетейік.	.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: пішіндерді дұрыс орналастыра алады;
Түсінеді: жануарларды ажарата біледі,
Қолданады:Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Коломбовое яицо», «Игровизор»

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. ҚР МЖМБС мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
2. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы , 2012ж
3. «Игровые занимательные задачи для дошкольников». З.А.Михайлова, 1990 г.

4. Психологиялық тапсырмалар мен ойын, жаттығулар. Жұмабекова Ф. 2003 ж.
5. Дидактические игры и упражнения по сенсорносу воспитанию дошкольников, 1978 г.
6. Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттері, 2003
7. «Бала мен балабақша» 2007 ж.
8. Ғаламтор